



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№24

(856)

18 маусым

2021 жыл



ISSN 2074-899X
9 772074 899002

JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

БАСПАНА

ҮЙ САЛУ – ҮЛКЕН ТӘУЕКЕЛ



БАҒА ШАРЫҚТАП ТҰРҒАНДА

АРМАТУРА

(12 мм/теңге):
2020 жыл – **175**
2021 жыл – **350**

(14 мм):
2020 жыл – **237**
2021 жыл – **480**

(16 мм):
2020 жыл – **309**
2021 жыл – **625**

ЦЕМЕНТ

(50 кг қап/теңге)

2020 жыл – **1150**
2021 жыл – **2000**

**250 МАРКАЛЫ
БЕТОН**
(1 тонна)

2020 жыл – **9500**
2021 жыл – **20 000**

Газетіміздің өткен санында азық-түлік бағасының қымбаттап кеткенін, оның ішінде халықтың күнделікті тұтынатын картоп пен сәбіз, қызанақ пен қияр сияқты өнімдердің бірден бірнеше есе өскенін жазған болатынбыз. Бұл жолы құрылыс материалдарының бағасын зерттеп көрдік.

АРМАТУРА «АСПАҢДАП»...

Алматы сияқты алып қалада баспана – басты мәселе. Мұнда құрылыс жұмыстары жыл он екі ай бойы бір тоқтамайды. Мемлекеттік бағдарламамен салынып жатқан көпқабатты тұрғын үй болсын, жұрттың табан ет, маңдай терімен салған жеке баспанасы болсын, құрылыс базары саудасын


тоқтатпайды. Дегенмен үй салу алты ай жаздың еншісіне бұйырған шаруа. Сол үшін де басқа маусымға қарағанда, жазда құрылысқа қажетті зат бағасы шарықтап кетеді. Жылда солай. Бірақ биылғы баға көз ілеспес жылдамдықпен өсті. Тіпті екі айдың ішінде қарапайым қонырқалтаға салмақ салардай қымбаттаған.

(Жалғасы 3-бетте)

ҰРПАҚ ТАҒДЫРЫ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында «Әрбір халық арғы-бергі тарихын өзі жазуы тиіс. Бөтен идеологияның жетегімен жүруге болмайды. Ұлттық мүдде тұрғысынан жазылған шежіре ұрпақтың санасын оятып, ұлттың жадын жаңғыртуға мүмкіндік береді» деген еді.

ОЙДАН АҢЫЗ ҚҰРАПТЫ, КІМ БЕРЕДІ ЖАУАПТЫ?




Мұғалімдер мен ата-аналар тарапынан қызу талқыға түскен 1-сынып пен 5-сыныпқа дейінгі ағылшын тілін оқытуға арналған оқулықтарға білім және ғылым министрлігі тарапынан оң сараптама берілген. Бұл оқулықтар Jenny Dooley, Virginia Evans-тың авторлығымен «Экспресс Публишинг» баспасынан басылып шыққан. Сыртқы мұқабасында «аударылған» деп жазылғанмен, аударма емес. 2016 жылдан бері осы баспаның Қазақстандағы ресми өкілі «EDUStream» халықаралық білім беру компаниясының басшысы Наталья Мұхамеджанованың жетекшілігімен шығып отырған. Өзгешелігі – Қазақстан балаларының суреттерін пайдаланып, тақырыпты ашуға тырысқан.

Кітаптың ішінде қазақтың ұлттық ұғымына, дәстүрлі тәрбиесіне келмейтін, шетелдің идеологиясын насихаттайтын иллюстрациялар мен мәтіндерді көптеп кездестіруге болады. Оқушылардың патриоттық сезіміне селкеу түсіретін тұстары «менмұнда» тұр. Атап айтқанда, екі-үш мемлекеттің туымен, сол елдерге тән ерекшеліктермен қойылған суреттерде Қазақстанның туы үнемі төменгі жағына орналастырылған. Оқулықта өз еліміздің рәміздері неге жоғарыда тұрмайды?

Тағы бір мәселе, кітаптарда балалардың анимациялық келбеті бұрмаланып салынған. Бір жерінде тұлғамын желбіретіп, басын тақырлап, ернін бояп қояды. Енді бірде ұлттық киім үлгісі – бүрмелі көйлектегі қызды ұл бейнесінде береді.

Ал енді мынаны қараңыз! Екінші сыныпқа арналған оқулықта ұлттық дәстүрдің қатарына Пасха мен Масленицаны енгізілті. Мұны, әрине, қазақстандық мерекелер деп көрсетсе, түсінуге болар еді. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары деп жазылған тақырыпта шілдехана мен баланы қырықнан шығару сияқты салт-дәстүрдің жанында діни мереке неге жүр?



5-сыныпқа арналған кітапта елде жоқ аңызды ойдан құрап, екі алып баланың оқиғасын баяндайды. Ағасы мен інісі туралы әңгімеде ағасы тастан көпір соғам деп еңбектенеді. Ал інісі екі жіпті ағашқа байлап алып, ән айтып жүреді-мыс. Ағасы «Неге маған көмектеспейсің?» деп ашуланып, інісінің қолындағы әлгі ағашты тасқа ұрып шағып тастайды дейді. Осыдан бастап інісі әнді қойып кеткен екен. Уақыт өте келе, таста қалған ізді байқаған бір халық бұл музыкалық аспап екенін анықтайды. Домбыра содан шыққан деп түсіндіреді. Мұндай аңызды естігендеріңіз бар ма?

(Жалғасы 2-бетте)

ШӨП ЖОҚТА

ТҮЙЕ КАРТОН ЖЕЙДІ



Әлеуметтік желіде картон жеп жатқан түйелердің видеосы пайда болды. Ол ең алғаш zhanaozen_online парақшасына салынып, лезде тарап кетті. Ойсылқара тұқымына картон-қағаз берген адам: «Маңғыстаудың жылқылары ғана емес, түйелері де осылай картон жейді. Түйелер картонмен жан бағып жүр. Айдап жібереміз, қайтып келеді», – дейді.

Қуаңшылықтың кесірінен биыл Қызылорда мен Маңғыстау облыстарында мал ашығып, түйір шөп таба алмай, қырылып жатқанын өткен сандарда жазған едік. Жұрт енді амалсыздан түйелеріне картон бере бастады.



БИРЖАМЕТР



МҮНАЙ (brent)
74,03



DOLLAR
426,6



EURO
518,9



РУБЛЬ
5,9

САММИТ

Осы аптада Ислам ынтымақтастығы ұйымының (ИЫҰ) ғылым және технология жөніндегі екінші саммитінің ашылу рәсімі онлайн түрде өтті. «Ғылым, технология және инновация: жаңа белестерге жол ашу» тақырыбында өткізілген басқосуға Біріккен Араб Әмірліктері төрағалық етті. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ИЫҰ ғылым және технология жөніндегі алғашқы саммитінің төрағасы ретінде сөз сөйлеп, Біріккен Араб Әмірліктеріне және ИЫҰ Бас хатшысына виртуалды саммитті ұйымдастырғаны үшін делегациялар атынан алғыс білдірді.

Мемлекет басшысы бүгінгі жаһандық сын-қатерлерге тоқталып, тұрақты әрі өркендеген болашаққа қол жеткізу үшін үйлесімді іс-қимылдар жүргізуге шақырды. Ислам әлемі ғылыми ой-сананың негізі болғанын еске салды. Ұйымның қазіргі тарихи міндеті өмірден өткен ұлы тұлғаларға құрмет көрсете отырып, ғылыми ілгерілеу жолымен алға қадам басу екенін атап өтті. Президент ұлы ойшыл Әбу Насыр Әл Фарабидің

— Қазақстан ИЫҰ-ға мүше елдерге гуманитарлық көмек ретінде өз вакцинасын ұсынуға дайын болады. Біз QazVac вакцинасын Ислам ынтымақтастығы ұйымына мүше өзге де елдерде өндіру мүмкіндігін

шығатын жолы жоқ дамушы елдер тобына қолдау көрсету жұмыстарын жалғастыру мәселесін де көтерді. Сонымен қатар климаттың өзгеруіне қарсы күреске және қоршаған ортаны қорғауға, көміртегінен ада экономика қалыптастыруға



ҒЫЛЫМИ ЫҚПАЛДАСТЫҚТЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

1150 жылдығына орай, ИЫҰ-ға мүше елдердің Сыртқы істер министрлері кенесінің 47-сессиясында арнайы қарар қабылдағаны үшін Ұйым мемлекеттеріне алғыс білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев алғашқы Саммиттің Астана декларациясы мен 2026 жылға дейінгі ИЫҰ бағдарламасының жүзеге асырылуы Ұйымды одан әрі дамытудың өзекті мақсаттары мен міндеттерін дер кезінде айқындауға мүмкіндік бергенін атап өтті. Осыған байланысты Мемлекет басшысы бірқатар нақты ұсыныс айтты.

Сондай-ақ пандемияға қарсы күрестегі ортақ күш-жігер туралы айта келіп, вакциналарды әділ бөлуге және оларды саяси құрал ретінде пайдалануға жол бермеуге шақырды. Отандық QazVac вакцинасының қазіргі уақытта ДДСҰ-да мақұлдау рәсімінен өтіп жатқанын мәлімдеді.

қарастыра аламыз, — деді Мемлекет басшысы.

Академиялық және ғылыми-зерттеу институттарымыздың флагманы саналатын Назарбаев Университеті, Astana IT орталығы жасанды интеллект, Big Data және киберқауіпсіздік саласындағы бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстары мен тәжірибелік-конструкторлық жобалар үшін база қалыптастыра алатынын жеткізді. Мемлекет басшысы ИЫҰ-ға мүше елдер үшін білім беру және ғылыми зерттеулер қаржысын арттыру басты басымдыққа айналуы қажет екенін айтты. 2025 жылға қарай Қазақстан ғылым саласының қаржыландырылу үлесін жалпы ішкі өнімінің 1 пайызына, ал білім беру ісінде 7 пайызына дейін арттыруды көздейді.

Президент өз сөзінде экономиканы цифрландыру, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жақсарту, Тенізге

бағытталған еліміздің күш-жігері туралы айтты.

— Ислам әлемінің ғылыми әлеуеті зор деген ортақ пікірді қолдаймыз. Алайда адам капиталын дамытуда, әсіресе, сапалы білім беру ісіндегі инвестициялардың көлемін арттыруымыз қажет. Сонымен қатар ғылыми ықпалдастығымызды нығайтып, дамыту өте маңызды болып отыр. Дәл осы шаралардың арқасында ислам әлемінің ғылым мен инновация саласындағы абыройын арттыра аламыз, — деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті БАӘ үкіметін және халқын ел тәуелсіздігінің 50 жылдығымен және «Әл-Амал» спутнигінің Марс орбитасына сәтті шығуымен құттықтады. Мемлекет басшысы бұл жетістіктің барша ислам әлемі үшін аса маңызды екенін атап өтті.

Талап ТІЛЕГЕН

Аптаның айтары



Еділ ЖАНБЫРШИН, Мәжіліс депутаты:

«Маңғыстауда бір бума шөптің бағасы 17 мың, бір келі арпаның бағасы 95 теңгеге жетті. Ал көршілес Ақтөбе облысында сол бір бума шөп 4 мың теңге тұрады. «Бағаны көтеріп отырған жол шығындары және осыдан пайда көріп қалайын» деп отырған дөңдалдар. ХХІ ғасырда ғарышты игеріп, Аустралия мен Канададан асыл тұқымды мал алдырып, дүниенің бәрін цифрландырып жатқанда, малға азық тауып бере алмай жатқанымыз ұят!

Импорт

КӨКӨНІС

(2021 қаңтар-сәуір)

ҚИЯР	КАРТОП	ҚЫЗАНАҚ	СӘБІЗ	ҚЫРЫҚҚАБАТ
Өзбекстан 1,4 мың тонна 1,4 млн \$	Пәкістан 6,8 мың тонна 1,4 млн \$	Өзбекстан 5,7 мың тонна 3,8 млн \$	Өзбекстан 16,1 мың тонна 2,2 млн \$	Өзбекстан 25,6 мың тонна 4,5 млн \$
Иран 1,1 тонна 1,2 млн \$	Иран 6,4 мың тонна 1,4 млн \$	Түркіменстан 3,8 мың тонна 4,2 млн \$	Қырғызстан 433,1 тонна 32,1 мың\$	Қырғызстан 2,8 мың тонна 121,6 мың \$
Ресей 235,7 тонна 49,5 мың \$	Ресей 4,1 мың тонна 557,7 мың \$	Иран 727 тонна 804,3 мың \$ Әзірбайжан 703,7 тонна 539,6 мың \$ Қытай 434,5 тонна 612,8 мың \$		

Дереккөзі: stat.gov.kz

Сөз-Жебе

Аманжан ЖАМАЛОВ, Мәжіліс депутаты:

«Ұлттық банк бір жылға шаққандағы инфляция 7,2 пайыз деп есеп берді. Бірақ дүкенде біз мүлде басқа суретті көреміз. Жекелеген азық-түлік өнімдерінің бағасы шарықтап кетті. Жақында ғана картоптың бір kilosы 500 теңгеге жеткені тұрғындардың ашу-ызасын тудырды. Өзге де мысал көп. Инфляцияға қарсы күресу үшін ең алдымен монополиялар мен картельдерді төксеру керек. Өткенде Ресей премьер-министрі бағаның өсуіне кейбір өндірушілердің ашкөздігі себеп деді. Бізде де осындай жағдай. Бәсекені қорғау және дамыту агенттігінің немен айналысып отырғаны түсініксіз. Бағаның өсуіне жол бермейтін жаңа тәжірибе туралы айтады. Өздері мұны «жұмсақ құдық» дейді. Шын мәнінде, бұл тағы да сол «көпіру».




Ұрпақ тағдыры

(Басы 1-бетте)

ОЙДАН АҢЫЗ ҚҰРАПТЫ, КІМ БЕРЕДІ ЖАУАПТЫ?

Жасалу уақыты 2 мың жылдан ары Кетбұғы шерткен «Ақсақ құланнан» бастап, Құрманғазы, Дәулеткерей салған күй дәстүрі бүгінде ғаламшарды аралап жүр. Халқымыз кашанда домбыраны үкілеп төріне ілген. Бұдан арғысын сөз қылудың қажеті шамалы.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысында білім беру саласындағы реформаларға тоқталып: «Біздегі оқулықтардың деңгейі төмен. Кітапты әзірлеген азаматтардың жауапкершілігін



заннамалық тұрғыда реттеу керек. Сапасыз оқулық дайындағаны үшін жауапқа тартылсын. Басқаша болмайды», — деген еді.

Оқу бағдарламасында осындай өрескел қателік жіберген оқулықтарға қатысты келесіні ұсынамын.

Біріншіден, білім және ғылым министрлігі білім бағдарламасына енгізген аталмыш ағылшын тілі оқулықтарын қайта сараптап, жіберілген өрескел қателіктерге жауапкершілікті күшейтуді сұраймыз.

Екіншіден, оқулық әзірлеуде оған сараптама жүргізу қандаттарын жіті қарап, нормативтік-құқықтық актілердің талаптарын білім және тәрбие компоненттерінің тұтастығы аясында күшейту қажет.

Үшіншіден, ағылшын тілі пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы алдымен казак тілінде жазылып, одан кейін ағылшын тіліне аударылуы тиіс. Себебі ағылшын тіліндегі коммуникативтік дағдыларды дамытуда оқушылардың ана тіліндегі тілдік заңдылықтарды және тарихи, танымдық білім мазмұнын негізге алу қажет.

Дидактикалық тұрғыдан оқулықтың мазмұнында оқушының жас ерекшелігіне қарай материалды қабылдау, оны игеру қабілетін ескеру қажет.

Төртіншіден, оқулық құрастыруда басшылыққа алатын Үлгілік оқу бағдарламасына сараптама жасалып, бағдарлама әзірлеуші топтың құрамын қайта қарау керек. Сараптамалық комиссия құрамына тек ағылшын тілі мұғалімдері емес, балалар психологынан бастап, суретші педагог, этнограф, иллюстратор, казак тілі мамандары, әдебиетшілер тағы да баска мамандарды енгізу қажет.

Бесіншіден, оқулықты басып шығаруда шетелдік емес, отандық баспаларымызды тартқан дұрыс. Оқулықтың сауатты безендірілуі жоғары көркемдік, тәрбие мен мәдени компоненттерді ескеруі қажет. Себебі оқулықтағы сапалы материалдар оқушының пәнді игеруіне ықпал етеді.

Ұлттың жаңа болмысын қалыптастыру кезеңінде мұндай оқулық Қазақстанның болашағына жауап беретін, өз Отанын кадрлейтін ұрпақты тәрбиелеу үшін өте маңызды.



Макпал ТҰЖАҒАМБЕТОВА, Мәжіліс депутаты

Аптаның алаңы



«ТЕМІРЖОЛ ОПЕРАТОРЛАРЫНЫҢ ТАСЫМАЛ ЖҮЙЕСІН ҰЗДІКСІЗ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕ АЛМАУЫ ЖӘНЕ ТАРИФТЕРДІ НЕГІЗСІЗ КӨТЕРУІ САЛДАРЫНАН ДИІРМЕНШІЛЕР ЗАРДАП ШЕГІП,

КӘСІБІ ТҰРАЛАУДА. МЫСАЛЫ, ЕЛДЕГІ ҰННЫҢ 50 ПАЙЫЗЫН ӨНДІРІП ОТЫРҒАН ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ МЕН ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ДИІРМЕНШІЛЕРІ ЖЫЛ САЙЫН АСТЫҚТЫ СОЛТҮСТІК ӨНІРЛЕРДЕН ЖЕТКІЗЕ АЛМАЙ ҚИНАЛАДЫ. БҰЛА ЖАҒДАЙҒА СЕБЕПКЕР – АСТЫҚТЫ ТЕМІРЖОЛМЕН ТАСЫМАЛДАУШЫ «АСТЫҚТРАНС» АҚ КОМПАНИЯСЫ. ӨЗІМІЗ БИДАЙ ӨСІРСЕК ТЕ, АСТЫҚ ТАПШЫЛЫҒЫН КӨРЕМІЗ. ТРЕЙДЕРЛЕР КҮЗДЕ ДИҚАНДАРДАН БИДАЙДЫ САТЫП АЛАДЫ ДА ШЕТЕЛГЕ ӨТКІЗЕДІ. АЛ ҰН ТАРТАТЫН ДИІРМЕНДЕР ШИКІЗАТҚА ЗӨРУ».

Айбек ПАЯЕВ, Мәжіліс депутаты



Мінбер
Бағыла БАЛТАБАЕВА,
«Қазақстан Ата-аналар одағы»
республикалық
қоғамдық бірлестігінің жетекшісі:

ЖЫНЫСЫНАН ЖЕРІГЕНДЕРДІ ЖЕЛІКТІРІП ОТЫР

Жас қазақ газетінің 11 маусымдағы санында жарияланған ұлт жанашыры, білікті журналист Марат Тоқашбаевтың сұхбатындағы оқшау ойдың көтерген мәселесі аса ауқымды. Расында да, бүгінгі алмағайып заманда, өлеменің өзі қылт етпе мінезбен тыныстаған мезетте бала тәрбиесі, жас ұрпақтың санасын бүлдірмеу шарасы тым күрделеніп кетті. Өйткені айналамызда ақпараттық майдан жүріп жатыр. Жан-жақтан ағылған еркін дерек көздері де, біздің таным-түсінігімізге мүлдем жат, миымыз қабылдай алмайтын кереғарлықтарға құштарлығы артушылардың саны ұлғайып бара жатқаны алаңдатады. Осы орайда өзекті өрттеп тұрған тақырыпты көтеріп, қоғамға үндеу тастаған газет ұжымына алғысымды айтамын.

ЛГБТ ұйымының біздің елде осыншалықты дамып, қанат жаюына үлес қосушылар, өкінішке қарай, көбейіп келеді. О баста, сонау 2000-жылдары, мүмкін одан да әрірек, әйтеуір, ең алғашқы «қоңыраулары» сыңғырлай бастады. Сол кезде қоғам болып қарсы тұрмалық. Одан кейін гей-клубтар ашылып, олардың жасырын түрде жұмыс істегеніне де етіміз үйрене бастады. Көшедегі сабылған адамдардың арасынан гей-жұптарды да көзіміз шалып қалған кездерде, көрмегендей болып, естісек те, естімегендей болып, мән бермей, «сен тимесең, мен тименін» кейіпін танытып, бейжай қарағанымыздың кесірі осы дәрежеге жеткізді деп ойлаймын. Екіншіден, басқа елдермен келісілген халықаралық пактілер мен келісімшарттардың адам құқығы жайлы бөлігінде бұлардың қосымша құқығы жайлы тармақтары болуы әбден мүмкін. Үшіншіден, бұған дейінгі көрініспен салыстырсақ, былтыр мен биылғы жылы ерекше бас көтеріп, өз-өздеріне сенімдері арта түскенін байқауға болады.

Бұқаралық ақпарат құралдарында ЛГБТ-ның насихатын арттырып, көгілдір экраннан осындай дүниелерді көрсетіп отырғанның өзі біздің қазақы санамызға сыймайтын, қабылдай алмайтын дүние. Осындай оспадарлықты олар Қазақстан мемлекетінің азаматы ретінде, осы ұйымның сөзін сөйлеп, тіпті болашақта бір жынысты некені талап ететінін ашық айтып жүр. Биыл 8 наурызда «feminita.kz» ұйымының бастауымен дүркіреп бейбіт шеру өтті. Әйел құқығын қорғайтын болып бастап, соңыра ашықтан-ашық ЛГБТ насихатымен аяқталды. Тағы басқа белсенді жұмыс жасай бастаған парақшасы бар. Онда қазақтың қарақөз жігіттері бір жынысты неке мен бір жынысты некедегілерге бала асырау туралы сөз қозғап отырады. Ол да насихат. Осылардың барлығының қарқынды жұмыс жасап жатқандары Батыстың қолдауы деп ойлаймын. Кайткен күнде де біздің елде мұндай сұмдықтың ары қарай өркендеуіне жол бермеуіміз керек!

Біздің «Қазақстан Ата-аналар одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен отбасына қатысты түйткілді мәселелер жиі талқыланады. Оның ішінде бала тәрбиесіне аса мән беру керек екенін бұрын-соңды болмаған үреймен айтып отырамыз. Өйткені құбылмалы қиын заман қазір. Балаларымызды жан-жақтан бақылап, қадағалап отырмасақ, бір мезетте санасы ауып кетіп жатқан жас ұрпақ қаншама. Қиын болса да неғұрлым смартфоннан алыстатып, кітап пен «жанды» қарым-қатынасты нығайту керек. Әр ата-ана өзінен бастап, ұлттық, отбасылық құндылыққа бет бұрып, соны ұл-қыздарына сіңірсе, жынысынан жеріген ұрпақтың саны азаятын еді. Қазақы тәрбиені қайта жандандырып, жаңғырту керек бізге. Ата-бабамыз, «Ұят болады, обалына қалма, Жаман әдеттен аулақ жүр» деп тәрбиелеп, «Баланды бес жасқа дейін патшандай күт, Бес жастан он бес жасқа дейін құлындай жұмса, Он бес жастан ақсан соң досыңдай сырлас» деп үш сөйлеммен қайырып отырған. Сосын имандылыққа аса мән берген жөн. Өйткені иман бүгінгі «түрлі-түстілермен» күресу жолында, бірден-бір мықты қаруымыз, иманы күшті бала, ешқашан жаман жаққа бұрылмайды. «Отан — отбасынан» демекші, әр отбасы өз баласының тәрбиесіне жауапты. Бір бала теріс тәрбие алса, болмаса ата-анасының салғырттығынан ЛГБТ секілді жат ұйымдарға қосылып кетсе, ертен қоғамның да, ата-анасының да мандайының сорына айналары анық. Ал енді бір бала болса да дұрыс тәрбие алса, ертен қоғамының да, ата-анасының да басына қонған бағы, мақтанышы, тірегіне айналады.

Бір жыныстылардың есіріп, тайрандағаны бүкіл есті қазақты дүр сілкіндірді. Еліміздің шалғайында әлі де бұлардың кім екенін толық білмей, танымай жатқан халық баршылық. Білсе, олар да қарсы боларына сенімдімін. Өткенде Шымкенттің азаматтары өз өңірінде тойлатуға, тайрандатуға жол бермеді. Алдағы уақытта біздің елде бұлардың бас көтеріп, ашық және жасырын түрде насихаттауына жол бермеуіміз керек. Сол бағытта заң аясында қарсылық әрекетті тоқтатпауымыз керек. «Қазақстан Ата-аналар одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі ЛГБТ әрекетіне қарсы шаруаны бірнеше бағыт бойынша жүргізіп келеді.

Ең әуелі, электронды петицияға қол жинап жатырмыз. ЛГБТ ұйымының елімізде өркендеп, ашық және жасырын түрде насихат жүргізуіне қарсылығымызды білдіре отырып, ел Президентіне хат жазамыз.

Елім деген әр азамат 15-20 секундтық қысқа видеоңдеу түсіріп, парақшасына #менлбтғақарсымын деген хэштегпен жүктеп салса, азаматтық өз ойын білдірген болады. Өңірлерде жергілікті әкімшілікке бейбіт шеру өткізу туралы өтініш білдіру. Егер әкімдік тарапынан рұқсат беріп жатса, бейбіт шеру өткіземіз. Бұл — халық өз ойын ашық жеткізе алатын тәсілдің бірі. Хаттың үлгілері, толық түсіндірмесі және сілтемелері @bagiaizere @kazsouzru парақшаларында жүктелген. Мінекей, осылайша заң аясында қарсылығымызды білдіріп, күресуіміз керек. Өйткені бүгінгі әрекетсіздігіміз, бейжайлығымыз, немқұрайдылығымыз ертенгі болашағымызға балта шапқанмен пара-пар іс. Ұрпағымыздың санына, сапасына, тәрбиесіне мән беріп, барынша ұлттық құндылығымызды сақтап қалу «Ел боламын десен, бесігіңді түзеуге» (*Мұхтар Әуезов*) ұмтылған әрбір адамның парызы болуға тиіс.

Жазып алған Қуаныш КӨШЕК

Баға (Басы 1-бетте)

Базарларды аралап көрдік. Алдымен Алматының

іргесіндегі Тұздыбастау ауылындағы құрылыс дүкендеріне соқтық. Былтырғы баға жоқ. Сатушылар да «жанып» тұрған жоқ. Келген адаммен самарқау амандасады. Сауда жасамайтынымызды білетін сияқты. Көленкеде отырған күйі «не керек?» дегендей иек қағалды.

— Темірдің бағасын білсем деп едім.
— Не темір?
— Үй салатын. Іргетасқа пайдаланатын ше?
— Арматура ма?
— Иә.
— Қайсысы керек?
— Қайсысы керек дегеніңізді түсінбедім?

— Мұнда неше түрлі арматура бар. Сіз өзі үй саласыз ба, жоқ ерігіп жүрсіз бе? Темір танымайсыз ғой, — деп сатушы жігіт қабағын қыржитсын.

— Бәрін көрсетсеңізші. Жұрт алып жүргендерін.
— Әркім әр түрлі арматура пайдаланады. Үйдің тағаны мықты болу үшін жуан темір қажет. Қалтаныз көтермесе, жінішкесін ала берсеңіз де болады. Күнде жер сілкінетін жанартаудың үстіне салғалы жатқан жоқсыз ғой, — деп қыржиган қабағын ашып қық-қық күлді.

— Бағаларын айтсаңызшы. Сіз өзі саудагерсіз бе? Зат сататын адам кісінің іші-бауырына кіріп кетуші еді. Отырған орныңыздан қозғалуға ерінесіз, — дедім. Сөзім қамшы болды ма, ол орнынан тұрды да:

— Күніне сіз сияқты жүз адам келеді. Бәрі бағасын сұрайды. Бірақ біреуі

шатыр тіреуіші де қымбаттаған. Былтыр қалыңдығы 5, биіктігі 12 см болатын стропило 1800 теңгеден сатылса, биыл 4300 теңгеге өсіпті. Стропилоның үстіне шегелейтін, шатырды ұстап тұратын көлденең тактайларды (*торлама*) осыдан 4 жыл бұрын 350-450 теңгеден алған едік. Қазір мұның қалыңдығы 2,5, биіктігі 10 см болатындары 1700 теңгеден сатылып тұр. Былтыр 600 теңге болған. Сатушының айтуынша, баға күн сайын құбылып тұрады.

— Бүгінгі баға ертен жоқ, ертенгі бағаны арғы күні таппайсыз. Сондықтан, үй салатын кезде келіп алсаңызшы. Күні бұрын көрген бағаныз болмай қалса, бізге ренжіп жүресіздер, — деп, шоқша сақалды сатушы жігіт ағаш бағасын ашып айтып, мән-жайды толық түсіндіріп берді.

Темір-терсек сататын саудагерлерге бұрылды. Тұздыбастауда көрген бағадан бірі — арзан, бірі — қымбат. Мысалы, 12-лік арматура 300 теңге болса, 14-тігі 480, ал 16-шы арматура 600 теңге деп тұр.

— Ағаш Ресейден келеді. Ал темір өзімізде өндірілмей ме? Неге қымбаттап кетті? — деп сұрадым темір сатып, темірдей қатып қалған қараторы жігіттен.

— Бізге қымбат келіп жатыр. Біздікі Ресейдің темірінен арзан. Олардың бағасы бұдан қымбат. Қарапайым халық өзіміздің арматураны алады. Сапасы

— Тұздыбастау ауылындағы құрылыс материалдарын сататын дүкендер мен «Жетісу» базарын аралап шықтым. Сіздің бағадан қымбат сияқты.

— Олар тауарды бізден алады. Мен сізге көтерме сауданың құнын айтқан жоқпын. Егер көп алсаңыз, әр материалдан 20-30 теңгеден түсіріп беруге болады. Ол алатын затыңыздың аз-көптігіне байланысты, — деп әңгімесін аяқтады.

Базардағы арматураның дені — отандық өнім. 2020 жылы елімізде 769,3 мың тонна арматура шығарылыпты. Ішкі нарыққа 574,1 мың тонна өнім жөнелтілген. Оның 1 тоннасы орташа есеппен 311,4 мың теңгеден сатылған. Ал былтыр цемент өндіру бойынша рекорд орнаған. Бір жылда 10,25 млн тонна цемент шығарылыпты.

ҚАРА ТАС ҚЫМБАТТАП...

Биылғы қымбатшылықпен жағаласып, үй салу оңай шаруа емес. Әріптесіміз, белгілі журналист Ришат Асқарбектің үй салып жатқанын естігенбіз. Соған хабарластық.

— «Мен ұрлық қылғанда айдың жарық болғаны-ай» деп өкініпті дейді бір ұры. Сол ұры айтпақшы, мен үй салғанда құрылыс материалдары «ұшып» кетті. Мысалы, маусым айының басында цементтің орташа бағасы 1400-1500 теңге болса, қазір

ҮЙ САЛУ – ҮЛКЕН ТӘУЕКЕЛ



БАҒА ШАРЫҚТАП ТҰРҒАНДА

алмайды, — деді қолын беріп, амандасып жатып.

— Не үшін алмайды? Мүмкін, сіз дұрыс қызмет көрсетпейтін шығарсыз?
— Қазір баға қымбат. Жұрт осының бәрін біз қолдан жасап жатқандай көреді, — деп атан үйінің беліндей буылып жатқан арматураның жанына барып, әрқайсысының бағасын жеке-жеке айта бастады.

— Мысалы, мына 12-лік арматураның (*12 мм*) былтырғы бағасы 180 теңге болатын. Қазір 350 теңгеге бір-ақ көтерілді. Ал 14-тік арматура былтыр 280 теңге болды. Биыл 450-ден сатып жатырмыз. 16-лықты өткен жылы 350-ден саттық. Биыл 650 теңгеге секірді. Үлкен базарлардағы баға менікінен сәл арзан болуы мүмкін. Бізге затты жеткізу құны қосылады ғой. Қазір бензин де қымбаттап кетті, — деп сатушы көленкеге тығылды.

АҒАШ «КҮЙІП» ТҰР

Ауыл ішіндегі бағаның дені осындай. Бір-бірінен 10-20 теңге арзан, не қымбат. Үлкен базарға соқтық. Жетісу базарының қысы-жазы кайнап жататын жері — құрылыс материалдарын сататын бөлігі. Базардың астыңғы жағындағы ат шаптырым аумақ. Жаяу адамға басынан аяғына дейін 15 минуттық жол. Сол аралықта құрылысқа қажетті тас пен құмнан басқа заттың бәрі сатылады.

Алдымен ағаш сататын жерге тоқтадық. 2016 жылы өзім үй салғанда қалыңдығы 5, биіктігі 20 сантиметр (*см*) болатын бір аркалықты (*балка*) 2000 теңгеден алғаным есімде еді. Бірден соны сұрадым.

— 7500 теңге болады, — деді сатушы жігіт.

Қалыңдығы 4,5 см болатыны 6200 теңге «ұшыпты». Былтырғы бағасына екі есе қосылып кеткен. Өткен жылы қалыңдығы 5 см болатын аркалық 3500 теңге болса, 4,5 см-ліктері 2500 теңгеден сатылыпты. «Стропило» деп аталатын

жақсы, бағасы да қолайлы. Қатып қалған баға жоқ. Алсаныз, келісеміз ғой, — деді. Сатушының «Қатып қалған баға жоқ, келісеміз ғой» дегеніне қарағанда, бұлар бағаны қолдан көтеріп отырған жоқ па? — деген күдік көбейе береді екен.

ШЕГЕ ДЕ ҚЫП-ҚЫЗЫЛ АҚША

Базарды аралап жүргенде бір түсінгеніміз, тауардың бағасына көліктің жеткізу құны қосылады. Ол да аз емес. Оның үстіне, «Жетісу» базары қаланың шеткі аймағында. Сондықтан қала ішіндегі базар бағасы бұдан арзан болуы заңдылық. Осы оймен Тұрар Рысқұлов көшесінің бойындағы «Берекесі» базарына ат басын бұрды. Ерғанат Қақатаев есімді сатушыны әңгімеге тарттық.

— Былтырғыдай сауда жоқ, — деп бастады ол әңгімесін. — Қымбатшылыққа өзімізді кінәлі сияқты сезінеміз біз. Халыққа да обал. Бұрын бір үй салатын ақшаға қазір үйдің іргетесін әрең құясын. Бәрі қымбат. Ағаш та, темір де, тіпті басқа да құрылыс материалдары «ұшып» кетті. Шегенің өзін қып-қызыл ақшаға аласыз. Әдетте шегені ешкім есептей бермейтін. Қазір ол да қалтаға салмақ салады.

— Былтырғы мен биылғы бағаны салыстырып көрдіңіз бе?

— Айтудың өзі ұят. Мысалы, былтыр 12-лік арматураны 175 теңгеден сатқанмын. Биыл 350-ге өсті. 14-тің бағасы қазір 478 теңге болып тұр. Өткен жылы 237 теңгеден сатып едім. 16-шы арматура былтыр 309 теңге болса, биыл 625 теңге. Бұдан бөлек, «катанка» деп аталатын арматураны бір-біріне байлайтын жінішке бұрауыш темір болады, оның өзі «алтын» болды ғой. Мысалы, соның алтылығы былтыр 65 теңге болатын. Биыл екі есе өсті, 120 теңге. Ал сегіздігі қазір 180 теңге, өткен жылы 90 теңгеден сатқанбыз.

2000-2500 теңгеден сатылып жатыр. Арматураның тоннасы жыл басынан бері бірнеше есе өсті. Бұрын 1 тоннасы 230 мың теңге болса, қазір 440 мың теңгеге жеткен. 250 маркалы бетонның бағасы маусым айының басында 12000-13000 теңге болатын. Қазір 18 000-20 000 теңге. Былтыр осы маркадағы цементті 9500-10000 теңгеден алуға болатын. Шеттен келетін ағаш материалдары ғана емес, өзен арналарында жатқан құм-шағыл мен қара тастың да бағасы шарықтап кетті биыл. 35 тонна құм жыл басында 35 мың теңге болса, қазір 70-80 мың теңге аралығында сатылып жатыр. Қымбат болса да, амал жоқ, аламыз. Бірақ үй салуға үлкен тәуекел керек екен, — дейді.

ҚҰМ ДА ҚАЛТАНЫ ҚАҒАДЫ

Әріптесіміз айтқандай, үй салу үшін шағыл тас, қиыршық құм да қажет. Құрғақ мұның да бағасы удай. Тіпті үш есе өскен. Шеттен келмейді. Бірақ неге осыныша қымбаттағанын ешкім түсіндіріп бере алмайды.

Біз үйдің қанқасын тұрғызуға ғана қажетті заттардың бағасына тоқталдық. Құрылысшы мамандардың айтуынша, үйдің сыртынан гөрі ішкі жұмысына қаржы көбірек кетеді екен. Шатырдың үш шетелден келеді. Бағасының удай болатыны анық. Есік-терезеге үйдің сүйегіне кеткен ақшадан көп қаржы жұмсайсыз. Ал сылау, әктеу, тұсқағаз жапсыру, еденіне тактай немесе паркет төсеу, су құбырын жүргізу, жылу жүйесі мен электр желісін жүргізу сияқты ішкі жұмыстарының бәрін есептесеңіз, шашыңыз ағарады. Өйткені нарықтағы баға күн сайын құбылып тұр. Оның үстіне, құм мен цементтен басқа өнімнің бәрі шетелден келетінін ескерсек, құрылысқа кететін қаржының қайда құйылатынын өзіңіз де бағамдай беріңіз.

Жарас КЕМЕЛЖАН

Жастар

Бүгінде нашақорлық әлем бойынша аса өткір де, өзекті мәселеге айналып отыр. Ол тек медициналық тұрғыдан ғана емес, жалпы әлеуметтік тұрғыдан да көкейкесті мәселенің бірі. Себебі нашақорлыққа тәуелді он адамның тоғызының іс жүзінде

толық емделіп кетуі екіталай. Олардың көпшілігі 40 жасқа дейін де өмір сүрмейді. Есірткіні пайдаланушылардың басым бөлігі 18-30 жас аралығындағы жастарды құрайды. Өкінішке қарай, соңғы кездері есірткі пайдаланатындар қатарында балалар мен жасөспірімдер де кездесуде.

Сол себепті де шымкенттік полиция қызметкерлері және жастар жөніндегі құзырлы орган өкілдері осы мәселенің алдын алу бағытындағы жұмыстарды бірінші кезекке қойып, ұдайы профилактикалық іс-шараларды жүргізіп келеді. Аталған іс-шаралардың басты мақсаты – нашақорлық және есірткі секілді ғасыр індеттері туралы толық мағлұмат беру, тыңдаушыларға адамзат ұрпағына төніп тұрған зиянды әдеттердің зардаптарын түсіндіру, олардан аулақ болуға шақыру, адамгершілік жөнінде және құқықтық тәрбие беру, салауатты өмір салтын насихаттау.

Jas qazaq газеті осыған байланысты Шымкент қаласының ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» КММ Аутрич, NEET және жас отбасылармен жұмыс бөлімінің инспекторы Айжарқын Қалмырзаеваны әңгімеге тартқан еді.

Jas qazaq: Айжарқын Әбдухалыққызы, сіздердің бөлім барша азаматтарға, соның ішінде ата-аналарға нашақорлық туралы құқықтық түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, оның алдын алу бағытында тәжірибелік кеңестеріңізді жеткізіп жүргенін әлеуметтік желіден оқып, біліп жүрміз. Сол іс тәжірибелеріңізге сүйене



отырып, есірткіге тәуелділік қалай басталатынын айтсаңыз.

А.Әбдухалыққызы: Нашақорлық – есірткіні жүйелі пайдалану кезінде пайда болатын ауыр психикалық ауру. Нашақорларға жүргізілген көптеген зерттеулер, әсіресе, жастарға жүргізілген сауалнама, әр түрлі жас топтарындағы жастардың есірткіге тәуелді болуына себеп болатын көптеген фактор мен себеп бар екенін көрсетеді.

Есірткіге тәуелділік алкогольге қарағанда айқынырақ сипатталады. Барлығын аз

уақытта шеттетіп, тез арада ішкі дүниеде бос сезім пайда болады. Қарым-қатынас ортасы тарылып, көбіне нашақорлыққа құмарлығы бар адамдарды біріктіреді. Есірткіге тәуелді адамдар өз ортасына барынша көп адамды жұмылдыруға тырысады. Олан шығып кетуіне кедергі келтіреді. Нашақорлыққа тәуелді адамда тұлғаға тән сипаттағы өзгеріс пайда бола бастайды. Отбасында қақтығыс, оқу орнында немесе жұмысында қиындық көбейеді. Ауру адамдар өз туыстарына және өзінің міндеттеріне немқұрайды, жауапсыз қарай бастайды. Моральдық тұрғыдан құлдырайды. Жеке тұлғалық ажыраумен қатар, ағзалық және психикалық деңгейде күрделі ауру туындайды. Есірткіні тұрақты түрде іздеумен болады. Дозаның көлемін ұлғайту нәтижесінде өз іс-әрекетіне деген бақылауын жоғалтып алады. Ал мөлшерден тыс қолдану өлімге алып келеді. Есірткіге тәуелділігі көбіне қылмыстық іс-әрекеттермен ұштасады.

Jas qazaq: Ғасыр дерті деп жатырмыз. Бүгінгі таңда есірткі пайдаланушылардың жас топтары нақты қанша жасты құрайды?

А.Әбдухалыққызы: 10-12 жастағы балалар есірткіні сирек пайдаланады. Бұл кезде оларға темекі шегу жеткілікті. Бұл олардың мектептегі сыныптастар және ауладағы достары арасында дәрежесін жоғарылатады. Бұл уақытта көбіне осы жасқа тән арзан улы заттарды қолдануға бейім топтар қалыптасады (бензин, еріткіштер, желім).

13-14 жастағыларды «жеңіл» деп аталатын есірткілік заттарды пайдалану мүмкіндігі қызықтырады. Бұл топтағы жасөспірімдердің бірқатары анда-санда болсын, психикалық белсенді құралдардың кейбір түрлерін қызығушылықтан қолданып көреді. Ал ол ақпарат бір-біріне тез тарайды. Оларда нашақорлықтың ауыр сырқат екендігі жөнінде ешқандай түсінік жоқ. Есірткіні қауіпті

қажеттілігін сезінеді. Бұл есірткінің барлық түріне қатысты, никотин және алкогольден бастап, героинге дейін.

Ләззат алу – бұл адамдардың есірткіні қолданудың басты себептерінің бірі, жақсы көңіл-күйден бастап, қиял-ғажайып эйфорияға дейін жағымды сезімдердің пайда болуымен сипатталады.

Қолжетімділік – есірткіні заңсыз қолдану мүмкіндігі жоғары жерлердің болуы.

Қызығушылық – кейбір адамдар ешкім айтпай-ақ есірткінің не екенін және одан қандай сезім болатыны туралы өз қызығушылығын басу мақсатында қолдана бастайды.

Көбіне жасөспірімнің есірткінің қауіпті жолына түсуіне ата-аналардың жағымсыз, дөрекі қарым-қатынасы және баланы тәрбиелеуден жалтаруы түрткі болуы мүмкін. Осындай кезде ата-аналарға, мұғалімдерге, дәрігерлерге баланың



НАШАҚОРЛЫҚ – ІНДЕТ, ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ – МІНДЕТ!

немесе жасөспірімнің есірткіге алғашқы енуінің алдын алу және оны анықтау маңызды.

Jas qazaq: Есірткі пайдаланатын баланың ата-анасы не істеуі керек?

А.Әбдухалыққызы: Біріншіден, өзіңізді оның орнына қойыңыз. Көбінесе жасөспірімге оның проблемаларына ешкім және ешқашан аландамағандай болып көрінеді. Сол үшін сіз оның жағдайының қаншалықты қиын екендігін түсінетінін біліңіз. Көрсеткеніңіз дұрыс болады. Ол сіздің назарыңызға мұқтаж кезде, сізді қажет еткен уақытта сөйлесуге келісіңіз. Ең бастысы, бала өзімен не болып жатқаны жайында сізді қызықтыратынын сезінуі қажет. Егер сіз баланыңбен дос бола алсаңыз, онда сіз ең бақытты ата-анасыз!

Екіншіден, уақытты бірге өткізіңіз. Ата-ананың баламен бірге спортпен, музыкамен, сурет салумен айналысуы және бос уақытты бірілесіп тиімді ұйымдастыруы да маңызды. Бұл ерекше бір нәрсенің керегі жоқ. Кинотеатрға, стадионға, балық аулауға, санырауқұлақ теруге немесе теледидар көруге бірге бару жеткілікті. Балада қызығушылық болуы керек. Темекіден, алкогольден және есірткіден қорғанудың ең тиімді құралы осы. Оның құмарлықтарын қолдай отырып, сіз оларды пайдалануға жол бермеу үшін өте маңызды қадам жасайсыз. Балалар мен жасөспірімдерді ерте бастан дене шынықтыру және спортпен айналысуға, бос уақытында белсенді мәдени демалысқа баулу қажет.

Үшіншіден, оның достарымен достасыңыз. Көбіне бала психикалық белсенді заттарды алғаш рет достарымен бірге көреді. Кейде достар сіздің баланыңдын әрекетіне ықпал етуі мүмкін. Ол достарының және қоғамның қатты қысымына ұшырауы мүмкін. Бірінші кезекте баланың қоршаған ортасы оның мінез-құлқына, үлкендерге деген қарым-қатынасына, өзінің мектептегі және басқа да жерлердегі міндеттерінің сақталуына осы себеп болады. Сонымен қатар осы жаста әртүрлі тәжірибелік іс-әрекеттерге деген құштарлық өте жоғары. Балалар темекі шегіп, ішімдік дәмін татуға тырысады. Көпшілік үшін бұл кейін әдетке айналуы мүмкін. Сондықтан осы кезеңде баланың бен достарының бос уақытының ұйымдастырылуына қатысуға тырысу, егер олар жағдайы нашар отбасылардан болса, мұндай балаларға қаржылай көмек беру арқылы оларды спортқа немесе шығармашылыққа баулу маңызды. Осылайша, сіз басқа балаларға ғана емес, ең алдымен, өзіңіздің баланыңызға көмектесесіз.

Төртіншіден, сіздің баланыңыздың бірегей екенін ұмытпаңыз. Кез келген бала өзін маңызды, ерекше және қажет екендігін сезінгісі келеді. Сіз баланыңызға жағымды қасиеттерді дамытуға және болашақта сол қасиеттерді қалыптастыруға көмектесе аласыз. Бала бір нәрсеге қол жеткізгенін сезгенде және сіз оның жетістіктеріне қуансаңыз, оның өзін-өзі бағалау деңгейі көтеріледі. Ал бұл, өз кезегінде, баланы есірткіні қолданудан гөрі пайдалы және маңызды істер жасауға итермелейді.

Бесіншіден, баланыңызға үлгі болыңыз. Алкоголь, темекі және дәрі-дәрмектерді көптеген адам пайдаланады. Әрине, жоғарыда аталған заттардың кез келгенін қолдану заңды, бірақ бұл жерде ата-ананың үлгісі өте маңызды. Себебі «ұяда не көрсен, үшқанда соны ілерсін» деп бекерге айтылмаса керек. Сол үшін зиянды әрекеттеріңізді баланыңыздың көзінше қолдануды доғарыңыз немесе одан мүлдем бас тартыңыз. Сіздің «занды» деп аталатын психобелсенді заттарды қолдануыңыз баланыңыздың «заңсыз» заттарға есік ашатынын ұмытпаңыз.

Jas qazaq: Сіздер атқарып жүрген жұмыстың бір парасы қалалық полиция қызметкерлерімен бірлесіп, «Есірткіге жол жоқ» акциясын айрықша атап өтер едік. Бұл бағытта істелген жұмыстарға жан-жақты тоқталып өтіңізші...

А.Әбдухалыққызы: Атап өту қажет, 2020 жылдың басынан бері Шымкент қалалық полиция департаментімен бірлесе отырып, «Есірткіге жол жоқ» акциясы шеңберінде қала аумағындағы ғимараттар мен үй-жайлардың сыртқы қабырғасына есірткі заттары жарнамаланған 507 жазба анықталып, жойылды. Мұндай жазба қаламыздың жастары мен жасөспірімдерін есірткіге немесе нашақорлыққа итермелеу және тарту болып табылады. Осы орайда, Шымкент қаласының полиция департаментінің қызметкерлерімен бірлесе отырып, Шымкент қалалық «Жастар ресурстық орталығы» мамандары есірткінің алдын алу шараларын өткізіп, жастарға дұрыс бағыт-бағдар беру мақсатында өз ойларымен бөлісті.

Бүгінгі таңда Шымкент қалалық жастар ресурстық орталығы тек қаламызға ғана емес, елімізге танымал өз кәсібін терең менгерген тұлғалармен бірлесіп, есірткінің алдын алу шараларын өткізді және жастарға дұрыс бағыт-бағдар көрсету жолында мағлұмат берді.

Шымкент қаласының жастар ресурстық орталығы және қалалық полиция департаменті Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлері бірлесіп, Бокстан әлем чемпионы Біржан Жақыповтың қатысуымен «Сенің жана қырын» жобасы аясында «Есірткіге жол жоқ» акциясын өткіздік. Абай ауданындағы Темірқазық және Еңбекші ауданындағы Ақназар хан көшелерінің бойындағы ғимараттар мен үй-жайлардың

сыртқы қабырғасына салынған жалпы 38 есірткі жарнамасы ретіндегі жазба өшірілді. Алдағы уақытта полиция департаменті және жастар ресурстық орталығының қызметкерлерімен осы мақсаттағы бірлескен іс-шара әлі де жалғасатын табатын болады.

Дәл осы акцияға белгілі спорт шебері, зілтемірші,

2016 жылғы Олимпиада ойындарының күміс жүлдегері, екі дүркін әлем чемпионатының күміс жүлдегері, жасөспірімдер олимпиадасының чемпионы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері Жазира Жаппарқұл да қатысты. Іс-шара барысында Әл Фараби ауданындағы А.Байтұрсынов және Абай ауданындағы Т.Әйменов көшелерінің бойындағы ғимараттар мен үй-жайлардың сыртқы қабырғасына салынған жалпы 52 есірткі жарнамасы ретіндегі жазба өшірілді.

Одан сон «Харекет» қайырымдылық қорының Шымкент қалалық жетекшісі Серік



Дарбышевтың қатысуымен қала аумағындағы есірткі мен нашақорлықтың алдын алуға бағытында іс-шараны өткіздік. Осы орайда, Еңбекші ауданындағы Л.Толстой көшесі бойындағы ғимараттар мен үй-жайлардың сыртқы қабырғасына салынған жалпы 48 есірткі құралының жарнамасы ретіндегі жазба өшірілді.

2021 жылдың басынан бастап «Есірткіге жол жоқ» акциясы шеңберінде қала аумағындағы ғимараттар мен үй-жайлардың сыртқы қабырғасына есірткі құралдары жарнамаланып салынған 563 жазба анықталып, бәрі өшірілді.

Jas qazaq: Есірткімен күрес жолында ауқымды жұмыс атқарыпсыздар және оның бөрі де жалғасын таппақ екен. Енді сөз соңында жас оқырмандар мен оның ата-анасына қандай ақыл-көнес айтар едіңіз?

А.Әбдухалыққызы: Осы жоғарыда аталғандардың бәрі мансабыңыздың, жұмысыңыздың, материалдық байлығыңыздың, жеке мүдденіздің біраз уақытқа құрбан етуге тұрарлық іс екенін ұмытпаңыз. Себебі бала – сіздің болашағыңыз. Баланы зиянды әрекеттен алшақтату арқылы сіз оның ертенгі өмірінің сенімді де сау болуына сепкер боласыз. Сол үшін құрметті ата-ана, баланыңыз есірткіден қорғаныз! Нашақорлық – індет, оның алдын алу – міндет!

Сұхбаттасқан
Мәриям АЙТБАЙ,
Шымкент қаласы

Спорт

ЖАСТАР МЕН БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН АЛАҢ

Шымкентте балалар мен жастардың бос уақытын тиімді өткізу, жаппай спортты дамыту мақсатында көптеген жаңа нысан пайдалануға берілуде. Осы аптада балалар спорт алаңының екеуі салтанатты түрде ашылды.

Көше алаңының құрылысы Eurasian Resources Group (ERG) қолдауымен Шымкент қаласы әкімдігімен өзара ынтымақтастық туралы меморандум аясында іске асырылды. Жаңа нысанның үлкен спорт алаңы, жасанды жабыны, жарықтандыруы және жоғары қоршауы бар. Онда баскетбол, волейбол, футбол, теннис ойнауға барлық жағдай жасалған.



Көше алаңдарының құрылысы Шымкент қаласының инфрақұрылымын жақсарту бағдарламасы аясында қолға алынуда.



Жыл соңына дейін қаланың басқа да шағынаудандарында осындай бес алаң ашылады.

ERG-дің Қазақстандағы қызметінің 25 жылда әлеуметтік салаға инвестициялары 1 млрд доллардан асқан. ERG 17 жыл бойы топ кәсіпорындары орналасқан Ақтөбе, Қостанай, Қарағанды және Павлодар облыстарында әлеуметтік маңызды бар жобаны іске асыру бойынша жыл сайын меморандум жасап келеді. Биыл Шымкент қаласы әкімдігімен меморандумға қол қойылды.

Компания өңірлерді қолдау бойынша «Туған қалалар» бағдарламасын іске асырады. Бағдарлама аясында тұрғын үйлердің, мектептердің, ауруханалардың, балалар мен жастарға, ересектерге арналған спорт нысандарының, саябақтардың құрылысы мен жөндеу жұмыстары жүргізілуде.



Биылғы жылдың Қазақстан мен көршілес Қытай үшін маңызы зор. Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Қытай коммунистік партиясының 100 жылдық мерейтойы тұспа-тұс келіп отыр.

Қытай коммунистік партиясының осы ел тарихында алатын орны айрықша. 100 жылдық тарихы бар компартия бүгінде дамудың даңғыл жолында. «Қытайдың тарихи ғажайыптары» атты халықаралық онлайн басқосуда осы және өзге де тақырыптар сөз болды. Жиынға Қазақстан, Қытай, Ресей елдерінің сарапшы ғалымдары мен қытайтанушы мамандары қатысты.

Іс-шараның модераторы қытайтанушы-сарапшы Антон Бугаенко жиынды ашқан құттықтау сөзінде: «Қытай коммунистік партиясының 100 жылдығында партия алдында тұрған табыстар мен міндеттер, сондай-ақ оның дамудағы рөлі туралы айтуға қолайлы жағдай туды», – деді. Ал Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Жан Сяо мұны жаһандық оқиға деп атады. Ол: «Әрине, бұл құбылыс бүкіл әлем елдері қоғамдастығының назарында. Бір жағынан бұл халықаралық қоғамдастықтың Қытай мен ККП-ға қызығушылығының артуын көрсетсе, екінші жағынан, Қытай мен ККП-ның геосаяси және геэкономикалық жағдайға, сондай-ақ ғаламдық басқару жүйесін қалыптастыруға ықпалын паш етеді. 100 жыл ішінде Қытай коммунистік партиясы 50 адамнан тұратын бірнеше марксистік үйірмеден 92

әсер ету құбылысы айтарлықтай ғылыми және практикалық қызығушылық тудырды. Шанхай ынтымақтастық ұйымында 3 жылға жуық Қытайда қызметте болдым. Жұмыс істей жүріп, бұл елдің әлеуетінің жоғары екеніне көз жеткіздім. Әсіресе, ККП үлкен рөл ойнайтын әлеуметтік-экономикалық даму динамикасы қызықтырды. Партияның аркасында Қытай

ŞARTARAP

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru



www.jasqazaq.kz

5



ДАМУДЫҢ ДАҢҒЫЛ ЖОЛЫ



Жан СЯО



Антон БУГАЕНКО



Болат НҮРҒАЛИЕВ



Тимур ШАЙМЕРГЕНОВ



Юрий ТАВРОВСКИЙ



Ван ЮЕ

миллион мүшесі бар әлемдегі ең ірі басқарушы партияға айналды. Қиын да қилы кезеңдерден өтті. Қытай коммунистік партиясы мен «Нұр Отан» партиясы – стратегиялық бағыттағы көпжылдық әріптестер. Бұл серіктестік екі елдің дамуына, мемлекетаралық қатынастарды реттеуге бағытталады. Екі партия да өмірлік тәжірибемен бөлісіп, бір-бірімен етене араласады», – деді.

Қазақстан сыртқы істер министрлігі жанындағы Сыртқы саясатты зерттеу институтының басқарма төрағасы Болат Нұрғалиевтің айтуынша, бүгінгі кездесудің тақырыбы өзекті. Ол өзі ойын былай деп ортаға салды:

«Қазіргі Қытай, әлемдік экономиканың шешуші драйвері ретінде, халықаралық даму мен ынтымақтастықта үнемі өсіп келе жатқан ел. Мені, әсіресе, коммунистік партия шешуші рөл атқаратын әлеуметтік-экономикалық қайта құру мен жанарудың қытайлық динамикасы таң қалдырды. Қытайдың және қазіргі әлемнің дамуына ККП-ның сындарлы

аграрлық мемлекеттен өндірісі дамыған, технологиясы озық мемлекетке айналды. Ел екі кезеңде-ақ кедейшілікті жеңді».

Басқосуда Тұңғыш Президент – Елбасы кітапханасы директорының орынбасары Тимур Шаймергенев сөз сөйлеп, қос мемлекет арасындағы қарым-қатынастың дамуына Елбасының қосқан үлесін еске алды.

Ол: «2015 жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Н.Ә.Назарбаев ККП Орталық партия мектебінде дәріс оқыды. Дәріске қатысушыларға Елбасы «Бүгінгі қатысушылар, ертең ККП-ның жол бастаушылары болады. Сіздер мемлекеттің арманын жүзеге асыратын қозғаушы күші боласыздар. Қытайдың өрлеуі – бүкіл аймақтың дамуына мүмкіндік деп санаймыз. Екі ел арасындағы «Жібек жолы» жобасы геосаяси әрі геэкономикалық бағытта өзінің маңызды рөлін көрсетті. Қытай экономикасын әлі де мемлекет реттеп отырады. Бірақ нарықта жекеменшік өнеркәсібін дамытып отырғандар да бар», – деген сөзін келтірді.

Шығыстанушы, Ресей халықтар достығы университетінің профессоры, Еуразия телерадио академиясының президиум мүшесі Юрий Тавровскийдің сөзі де ерекше назар аударарлық.

«XXI ғасырда социалистік қоғам құрудағы өзінің тамаша табыстарымен Қытай коммунистік партиясы «қызыл жобаның» барлық жақтастарын шабыттандырды. Сонымен қатар социалистік идеялардың қайта өрлеуі мен салтанат құруына ықпал етті», – деді ол.

Өз кезегінде Бейжің аэроавиатика және астронавтика университеті шет тілдері институты директорының көмекшісі, белгілі қытай аудармашысы Ван Юе 2021 жылы Орталық Азия елдерінің Тәуелсіздік алғанына 30 жыл толғанын атап өтті.

«Қытай Орталық Азия елдерімен дипломатиялық қарым-қатынасты алғашқылардың бірі болып орнатты. Орталық Азиядағы бес мемлекет басшылары барған алғашқы елдердің бірі болды. Біздің ойымызша, Қытай мен Қазақстан арасындағы

ынтымақтастықтың дамуы Орталық Азия елдеріне жана мүмкіндіктер сыйлайды. Қазақстан мен үшін ыстық. Осыдан 12 жыл бұрын мен Алматы, Нұр-Сұлтан, Қызылорда, Ақтау мен Атырауда қызмет еттім. Орталық Азия елдері – батыс пен шығысты, оңтүстік пен солтүстікті жалғайтын алтын көпір. Қытай мен Орталық Азия елдерінің экономикалық қарым-қатынасы жана мүмкіндіктерге жетелейтінін білеміз. Сондықтан екі ел арасындағы байланысқа өз үлесімді қосуға дайынмын», – деді.

Дөңгелек үстел барысында «Шынжәң шындығы мен деректері» кітабының қазақ тіліндегі нұсқасының тұсауы кесілді. 23 шілдеде ғасырлық тарихы бар, жаһандағы ең қуатты партияның бірі – Қытай коммунистік партиясының құрылғанына 100 жыл толады. Бұл мерейлі датаны Аспан асты елімен бірге онымен ынтымақтастық орнатқан барлық елдер атап өтеді.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Тарихтың қатпарлы беттерін парақтасақ, қаншама тар жол, тайғақ кешуден аман өткен халқымыз бен азаттық аңсаған бабаларымыздың асқақ арманы орындалып, бүгінде тіліміздің тұғырлы, Тәуелсіздігіміздің ғұмырлы болғанын тілеп отырған бақытты жұртпыз. Осыдан 32 жыл бұрын, яғни 1989 жылдың 22 қыркүйегінде қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болып, «Тіл туралы» заң қабылданды. Кейін, егемендік алған соң, 1995 жылы Ата заңымыздың 7-бабына сай, «Қазақ тілі – мемлекеттік тіл» болып бекітілді.

1997 жылы «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» заң қабылданып, республика аумағындағы тілдерді қолданудың құқықтық негіздері, барлық тілдерге бірдей құрметпен қарау қамтамасыз етіліп, мемлекеттік тілдің мәртебесі айқындалған болатын. Еліміздің егемендік алуы мен аталған заңның қабылдануы мемлекеттік тілдің қолдану аясының барынша кеңеюіне даңғыл жол ашып берді.

Ғасырлар қойнауынан сондай анық, таза күйінде бізге жеткен, халқымыздың өткенінен хабар беретін асыл мұрамыздың бірі, ынтымақ пен бірліктің жығылмас туы, Тәуелсіздігіміздің айғағындай болған туған тілімізді «Толғауы тоқсан қызыл тіл» деп айту бекер емес. Қазақ тілінің мерейін асқататын, мәртебесін көтеру мақсатында атқарылып жатқан жұмысты жіпке тізгендей санап беруге болады.

Дейтұрғанмен, еліміздің егемендік алып, тәуелсіздік тәжін кигелі ширек ғасырға жуық уақыт өтсе де, қаншама жұмыс жасалып жатса да, мемлекеттік тілдің дәрежесін Қазақстанда

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ МЕРЕЙІ ҮСТЕМ БОЛСЫН!



тұратын барлық этностардың тілін құрметтей отырып, қазақстандық біртектілік пен бірлікті

нығайтудың аса маңызды факторы ретінде, оның кең ауқымды қолданысын қамтамасыз

ету деген биік мақсатқа әлі жетпегеніміз анық.

Жоғарыда тілге тиек еткендей, еліміз Тәуелсіздігін алғалы ширек ғасырға жуық уақыт өтсе де, кейбір азаматтарымыздың тілді мойындаса да, игеруге асықпайтындығы, сол ежелгі таптаурын болған қағидаттардан арыла алмай жүрген жайы жоқ емес. Сондықтан, кезек күттірмейтін, атүсті қарап, айналып өтуге келмейтін тағдырлы мәселе қатарында Қазақстанның мемлекеттілігін айқындаған, Ата заңымызда мемлекеттік тіл мәртебесі берілген қазақ тілінің тұрғандығы айқын. Әр халықта тіл – сөйлеу мен ойды жеткізудің құралы ғана емес, өзге елдердің алдында дәрежесін айқындап, тарихынан шыр шертетін, тамырынан хабар беретін, еңсесін биік көтеріп, болашағына болжам жасайтын кастерлі де, қасиетті тұғырлы қаруы екені мәлім.

Қазақ тілі – ерте кезден-ақ оралымды ырғақты, аса қуатты, бай тіл. Ол жан дүниеміздің айнасы, Тәуелсіздігіміздің айғағы іспетті. Ендеше татулық пен тұрақтылықтың негізіндегі болған туған тіліміз тұғырлы, Тәуелсіздігіміздің ғұмырлы болуы мен тіл мерейінің жоғарылауы жолында баршамызға бірігіп әрекет ету қажеттілігі туындап отыр.

Құралай ҚУАНДЫҚОВА,
Ақтөбе гарнизоны әскери
сатының жетекшісі маманы



Бірлік

Өткен тарихымызда түркі әдебиетінің бәсі төмен болмаған. Біздің бабаларымыз басқалардан бұрын өз ой-пайымын, тарихы мен тағылымын, өнері мен өрлігін, батырлығы мен байыртылығын тас бетіне жазып, келешекке таңбалап кеткен. Ол тарих түркі баласының табан ізі қалған кең-байтақ далада сайрап жатыр. Одан кейінгі ұзақ өмір көші барысында түркі дүниесінің өркениетін өрге бастырған, мәдениетін мәйектеткен, әдебиеті мен сөз өнерін аспандатқан алып тұлғалар болды. Ата-бабаларымыз сол ескерткіштерден ұлылық тапты, бойындағы бар болмысын сусындатты. Қанмен берілетін сол қасиет бүгінде бәріміздің бойымызда бар. Ол мәңгі сарқылмайды. Бүгінде қазақ, ұйғыр, өзбек, қырғыз, башқұрт, қарашай, тағы басқа болып, ұлттық құндылығымызды өз алдымызға ұлықтап жүргенімізбен, өткенге қарай жол алсаң, тамырың бір арнада тоғысады. Абайдың да Абай болып қалуы – ең алдымен, түркі әлемінің асыл қазынасын, шығыс әдебиетін ойына тоқып, санасына сіңіргендігінде дер едік.

Бүгінде түркітілдес ұлттарда қалам тартқандардың қатары көп. Бірақ олардың еңбегі мен өнерін, ой-пайымы мен таным-түсінігі, жалпы әдеби мұрасын, шығармашылық өресін бір-бірімен жақындастырудың өміршендігі ерен. Жалпы бұл бағытта жұмыс Қазақстанда өз деңгейінде қолға алынып жатыр деп айтсак, артық болмас. Себебі бүгінде елімізде Қазақстан Халқы ассамблеясының

«ҚАЗАҚТЫҢ ДАРХАНДЫҒЫНА РИЗАМЫН»

құрамындағы этнос өкілдерінің тарихы мен мәдениетін, әдебиеті мен тілін, ділі мен дінін өркендетуге, оны казакстандық өркениеттің байлығына айналдыру жолында көп жұмыс атқарылуда. Сол қатарда еліміздегі түркітілдес ұлттар әдебиетінің дамуына да қолдау жеткілікті. Сөзімнің дәлелі ретінде бүгінгі жазбада ұйғыр ұлтының қаламгері, ақыны, асыл қызы Паридам Тайыпованың өмірі мен шығармашылығы туралы арнайы тоқталғанды жөн көрдім. Паридам Арупқызы — әдебиеттің сан саласында қалам тартқан жазушы, өленнен өрнек тапқан акын, қаламы жүйрік публицист, өлендерін тек ұйғыр тілінде емес, казак тілінде тең жазатын сегіз кырлы, бір сырлы жан.

Паридам Арупқызы 1954 жылы 10 мамырда Қытай Халық Республикасының Құлжа қаласында дүниеге келіпті. Кезіндегі Жамал Қарши мен Саккаки туған, түркі әдебиетінің бір саласы саналатын шағатай тілінде жазылған алып ескерткіштерді танбалаған құтты өңір осыған дейінде ұйғыр халқының талай дарынын қанаттандырған. Паридам бүгінде сол қасиеттерді кәдірлеп, солардың әдеби ізін жалғастырушы. Әкесі — Аруп Розиев, Құлжа қаласында құқык қорғау саласында, анасы — Тұрсынбүбі Мәмәтбакиева сол қалада банк қызметкері болып жұмыс істеген. Өркенді отбасында дүниеге келген кыз өсе келе, азабы көп болса да, беделі биік қаламгерлікті таңдады.



Паридамның 7 жасында ата-анасы Қазақстанға көшіп келіп, Алматы облысының Ұйғыр ауданына қарасты Ақтам ауылына қоныстанады. Паридам сол ауылдағы жеті жылдық мектепке барады. 1981–1986 жылдар аралығында Республикалық Талғар ауыл шаруашылық техникумының агрономдық факультетін бітірді. Әрине, оқыған мамандығы басқа болғанымен, өнер мен әдебиетке шын көңілімен беріліп өсті. Балалық шағында мектепшілік, ауыларалық мәдени шарадан қалмай жүріп, өз бойындағы әдебиетке деген бұлкынған арманын жетілдірді. Топты ортада өлең айтып, бос уақытында арманын ақ қағазға шимайлап жүріп, өлең жазудың құпиясын меңгерді. Алғашқы өлендері мен шағын

әңгімелері аудандық газеттерде жарық көріп, шабытын ұштай түсті. «Анилар авазы», «Чон бағниң мевиси», «Қара дала қара өлен» сияқты топтамаларда жастық жырлары жарияланып, канатына канат бітірді.

Бала шақта жығылып, сүрініп жүріп басталған әдебиетке құштар өмір бүгінде Паридамды жазушылықтың асқақ биігіне, ел мен жұрттың айрықша құрметіне бөледі. Бүгінгі күнде оның «Ана йәр садасы» (*Ана жерге сүйіспеншілік*), «Азаплық һаят» (*Азапты өмір*), «Дәвир синиги» (*Дәуір сынағы*) қатарлы ақ өлендер топтамасы, «Мән уйғур кизи» (*Мен уйғыр қызымын*), «Өлкәмлә баһар» (*Өлкемде көктем*), «Арман билән баймән һазир» (*Арманыммен баймын*), «Өлмәс наһшам» (*Өлмес ән*), кейінгі жылдары «Жут атиси Аблашим» (*Жұрт атасы Әбіләшим*), «Оқ астидики мұһәббәт» (*Оқ астындағы махаббат*) қатарлы повесть-әңгімелер топтамасы, «Таштики



тан атқаннан кеш батқанға дейін тыным бермейтін ауыл шаруашылық саласында еңбек ете жүріп, оның сыртында отбасы шаруасын ретке келтіріп, бос уақытында қаламын тастамай шығармашылықпен айналысып, басқа жазғандарын айтпағанын өзінде 19 кітапты баспадан шығару деген ұлкен қажырлылық пен табандылықтың жемісі емес пе? Біз өркениетті ел құрамыз десек, осындай адамдарды құрметтеуіміз, олардың адами қасиетін жастарға насихаттауымыз керек.

Оның құрметтен де кенде емес екенін айта кетейік. Адал еңбегінің арқасында екі рет аудандық халық депутаты болып сайланса, Ұйғыр аудандық этномәдениет орталығы төрағасының Құрмет грамотасы, Ұйғыр ауданын әр жылдары басқарған Қойумчан Омаровтың Алғыс хатын А.Тохтасуновтың «Шығармашыл отбасы» номинациялық дипломын иеледі. Халықаралық Жазушылар одағының мүшесі ретінде өткен жылы «Бейбітшілік әлемі» халықаралық қазақ шығармашылық бірлестігінің арнайы төсбелгісімен марапатталды. Ақынның ең басты байлығы — балалары. Жолдасы — Мейманжан Баратов екеуі талай қиын күндерді бірлесе жеңіп, ынтымағы ұйыған отбасын құрып, 5 бала, 11 немере тәрбиелеп отыр. Балаларының барлығы жоғары оқу орындарын бітіріп, мемлекеттік қызметтерде және шағын бизнес саласында елге қызмет етіп келеді.

Бүгінде құрметті зейнеткер атанған Паридам Арупқызы шаршадым, шалдыктым демей-ақ, тағы да қаламын қолынан тастамай, шығармашылық жолында еңбектенумен қатар, өңірдегі қоғамдық жұмыстардың басы-қасында болып, жастарға жол нұсқап, этностардың берекесін шалқытып, ұлттардың бірлігін нығайтып, аналық кәдір-қасиетін жалғастырып жүр.

Ақынмен әңгіме барысында ол ұлттар арасындағы береке-бірлік пен этносаралық татулыққа ерекше ден қоятындығын байқатты. Паридам Арупқызы: «Бак пен береке ынтымағы жарасқан елге қонақтаймын» деген нақыл сөз бар. Ел іші араздықтан ада, жұрт арасы түсініспеушілктен алыс болса, қолға алған барлық істен нәтиже шығаруға болады. Жалпы, елімізде ұлттар арасындағы ауызбіршілік пен татулық тұрғысынан келетін болсам, Қазақстан тәжірибесін ең алдымен атап өткен дұрыс.

Менің пайымымша, оның екі түрлі қайнары бар. Бірінші, әкпейілділігі асып жататын, кеңпейілі тасып жататын, алысқа да, жақынға да құшағы кең қазақ халқының дарқандығында жатыр. Біздің әулет қытай елінде тұрғанда да, Қазақстанға көшіп келгеннен кейінде қазақ отбасыларымен бірге тұрдық, казак балаларымен құлын-тайдай тебісіп бірге өстік. Біріміз-бірімізді жат көрген жоқпыз. Қайта торқалы той, топырақты өлімде қуанышымызды бірге бөлісіп, қайғымызды ортақ көтерісіп келеміз. Дініміз бен діліміз ортақ болған сон, мереке-мейрамдардағы дастарханымыз да ортақ. Қысқасы, қазақ халқының дарқандығына алғыстан басқа айтарым жоқ» — деп, ағынан жарылды.

Паридам Арупқызы Қазақстан Халқы ассамблеясы аясында атқарылып жатқан жұмыстарды тұрақтылықтын екінші себебі деп түсіндірді. Ол: «Екінші қайнары — Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен қолға алынған Қазақстан Халқы ассамблеясының этносөкілдерінің тарихы мен танымын тереңдетіп, тілі мен өнерін өркендетуге қосып жатқан үлесі дер едім. Әрине, ұлттар арасындағы бірлікті бекемдеп, татулықты нығайтуда аталған институттың атқарған үлесі мол. Бүгінде еліміздегі барлық облыс, аудан, қала орталықтарында Қазақстан Халқы ассамблеясының жұмысы жүйеленген. Облыс орталықтарында «Достық үйлері» ашылып, этномәдени бірлестіктердің белсене жұмыс атқаруына бар жағдай жасалуда. Осы арқылы жастарды елінің патриоты етіп тәрбиелеуге даңғыл жол ашылуда.

Ұйғыр ұлтының өкілі ретінде айтар болсам, бүгінде ұйғыр мәдени орталығы жұмыс істейді, оның сыртында ұйғыр тілінде оқытатын мектеп, ұлылардың атындағы көше, мәдени нысандар, өнер ұжымдары, ұйғыр тілінде шығатын газет-журналдар бар. Осы мүмкіндіктермен қанаттанып жатқан қаншама дарындылар еліміздің өркендеуіне өз үлесін қосуда. Қалаған мамандықтары бойынша білім алған жастар, денсаулық, спорт, мәдениет, білім тағыда басқа салада, мемлекеттік қызметтерге орналасып, болашағына нұрлы жол салуда. Қаламгерлердің ақыл-парасатын жұртқа жеткізіп, болашаққа айналдырудағы ересен істер тіпті көп. Соның бірі өзім деп айтсам артық бола қоймас. Ал кәсіпкерлікпен айналысамын, бизнеспен шұғылданамын дегендерге мол мүмкіндік ашылған. Қай қырынан келсек те, Қазақстандағы ұйғыр ұлтының өкілдері ұлттық өркениетін дамыту арқылы Қазақстанды Мәңгілік елге жеткізу жолында еңбектенуде», — деп, сөзін түйді.

Мақаламыздың басында «Ақын шығармаларын тек ұйғыр тілінде ғана емес, қазақ тілінде де жазады» деп едік. Қысқасы, қазақ, ұйғыр түркітілдес ұлттар санатына жатқанымен, ежелгі тарихымыз бірге өріліп, әдеби мұрамыз ортақ болғанымен, бүгінгі әдебиетімізде айқын айырмашылық, тілімізде диалект басым. Алайда сол қиындықтарды жеңе отырып, ұйғыр, қазақ тілін қатар меңгеріп, тіпті қос тілде өлең жазып, көркем ойын келісті бейнелеу ақын Паридамға тән біліктілік деп бағалаған дұрыс. Ендеше, сөзіміз дәлелді болу үшін Паридам Тайыпованын қазақ тілінде жазған бір топ өленін назарларыңызға ұсынғанды жөн көрдік.

ҰЛЫ СӨЗДІҢ ҚҰДІРЕТІСІҢ, АБАЙ

(Абайдың 175 жылдығына арналады)

*Ұлы сөздің құдіретісің, Абай,
Қазынаң тіл, жүрегің кең сарай.
Домбырамен айтқан әндеріңді мен,
Әйсерім, Тоғжан боп тыңадым талай.*

*Тарихта қалған өсиеттеріңді,
Оқыдым терең зердеме түйіп.*

*Теңіз суынан маржан сүзіпсің,
Ақыл сөздерді тереңнен жиып.*

*Қазақ халқының данасы өзің,
Қараңғы түнде нұр төккен айдай.
Данышандығың әлемге кеткен,
Оқсақ қанбас жырларың балдай.*

*Татьяна мен Онегин мұңын,
Өзің аударған ғашықтар жырын.
Ғасырлар кетсе де жылжып,
Сүйсініп халқың оқиды бүгін.*

*Өлеңдерің мен өсиет жырыңды,
Оқымасам, болмас ем ақын.
Ойлаып терең, келгенде шабыт,
Болып кетесің жаныма жақын.*

*Ұлы сөздің құдіретісің, Абай,
Қазынаң — тілің, жүрегің — кең сарай.
Пушкин жырларын қазақша сөйлеттің,
Тіл байлығыңа табынбайын қалай?..*

ЕЛДЕР КӨРСІН СҰЛУЛЫҚ СӘНІМІЗДІ

*Бұлақтың суын бірге ішкен едік,
Таңдырлар талқысында бірге көрдік.
Сенімен достасқаным жақсы болды,
Қиын кезді қол ұстап бірге жеңдік.*

*Той тойладық, қосылдық жақсылықта,
Бірге болдың әр қашан сен қасымда.
Әні мен сәні бар Қарадаламда,
Тірек болдың тұрмыста, жайшылықта.*

*Еңбек еттік, тер төктік, ағайын,
Біздегі татулықты кім бұзады?
Жерің жаннат, жасыл әлем қарағайым,
Туған жерім, қымбат қой қазағым.*

*Елі бай болса, күнде той, күнде жиын,
Еңбегіміз жанады тапсақ тиын.
Талантты келешегім жетілгенде,
Ел болу болмайды ғой бізге қиын.*

*Бір Аллаға сыйындық қол жайып,
Сұға батпас қайықтай достығымыз.
Шүкір еттік ақ нанға ауыз тиіп,
Кең пейілмен дастарқанды досқа жайып.*

*Нұрлы жол, нұрлы елің таңдай жарық,
Арманыма жетеді сөзгән қолым.
Елдер көрсе, сұлулық сәнімізді,
Қуанам ғой тапқандай бақыт жолын.*

БЕРЕКЕ ТАП, ЖАСТАРЫМ

*Береке тап, жастарым,
Ақылыңды айдай жақ.
Өтеді күндер қас-қағым,
Сарғаяды жапырақ.*



*Ғұламалар айтқандай,
Тілге құрмет сақтағын.
Домбыраң жылап жатпасын,
Тарихтың шерт ақ таңын*

*Сен де, мен де мұсылман,
Түркі елдің баласы.
Көк туымыз көк аспан,
Әдемі әр қаласы.*

*Қиын кезде нан берген,
Досы үшін жан берген.
Сен батыр ел баласы,
Ауырғанда қан берген.*

*Жақсылығың бітпейді,
Кең далаңдай көңілің.
Айтсам тілім жетпейді,
Нұрға толсын өмірің.*

*Береке тап, жастарым,
Гүлдей болсын жас шағын.
Ата ұлын сыйлайын,
Жайқалғандай ақ қайың.*

ГҮЛДЕНЕ БЕР, АЛМАТЫМ!

*Жанымды жадыратқан көктем қалам,
Күн шуаққа бөленген жасыл далам.
Қызыл-сары гүлдерің ғашық етті,
Жүрегіме жыр төккен асыл қалам.*

***Қайырмасы**
Бақытым сенсің,
Шабытым сенсің,
Алматым.
Гүлдене берсін,
Нұрлана берсін,
Алматым.*

*Тыныштығы жарасқан достары бар,
Тарихынан сыр шерткен дастаны бар.
Шырақтарын сөнбесін жарқ-жұрқ еткен,
Сүйсінем ғой естісем сенен хабар.*

*Талай адам көруді армандаған,
Сұлу қыздай құлтырған мәлдір қалам.
Домбыраң да бал құрайды тербетіп,
Қасиетіңнен айналдым арман қалам.*

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Ел бірлігі

Алматы облысындағы этнос қауымдастықтары ұлтаралық татулықтың жарасымдылығын сақтап, өзара қарым-қатынастың үзілмеуіне күш жұмылдырып келеді. Бүгінде олардың әрқайсысы Ассамблея туының астына бірігіп, ізгіліктің нышанын сақтап отыр. Сондай қауымдастықтың бірі – «Барбанг» Қазақстан құрдыр қауымдастығы. Біз аталған қауымдастықтың Алматы облысы бойынша филиалының төрағасы Алладин Мұстафаевқа жолығып, этнобірлестіктің бүгіні мен ертеңі жайында әңгімелеп беруін өтіндік.

Jas qazaq: Алладин мырза, әңгімені этномәдени бірлестіктің тарихынан бастасaq. Жалпы «Барбанг» атауы қандай мағынаны білдіреді?

А.Мұстафаев: Біріншіден, еліміздегі күрдтер қауымдастығы мен оның бөлімшелерінің жұмысына назар аударғандарыңызға алғыс білдіремін. Қазір тек Қазақстан ғана емес, бүкіл әлем пандемиямен бетпе-бет келді. Әр ел өзінің шама-шарқына қарай аты жаман індетпен күресуде. Біз бұл қиындықтарға карамастан, елімізде тұратын түрлі ұлттар мемлекетіміздің қоғамдық-саяси дамуына өз үлесімізді қосудамыз. Тарихқа көз жүгіртетін болсақ, 1989 жылы Алматы қаласында ең алғаш рет күрдтер мәдени орталығы құрылды. Ал 1993 жылы «Якбун» аймақтық қоғамдық күрдтер қауымдастығы заңды тіркелді. «Якбун» сөзінің қазақша мағынасы «бірлік». 1999 жылы қауымдастық «Барбанг» атауына өзгерді. Бұл сөздің қазақ тіліндегі мағынасы – «Таңғы арай». 2013 жылы «Барбанг» республикалық қоғамдық қауымдастығы құрылып, құрамы 10 бөлімшеден тұратын заңды орталыққа айналды. Мен бүгінде «Барбанг» күрдтер қауымдастығының Алматы облысы бойынша филиалын басқарамын.

Jas qazaq: Этномәдени орталықтың алдына қойған міндет-мақсаты ауқымды болар?

А.Мұстафаев: Біздің этномәдени орталықтың негізгі мақсаты – ұлттар арасындағы татулықты сақтау. Қазақстанда мекен ететін күрдтердің мәдениеті – елімізде мекен ететін көпұлтты этностар секілді сан қырлы. Біздің этномәдени орталықтар еліміздегі «Достық үйі» ғимаратында орналасқан. Одан бөлек, біздің орталық өзге ұлттар секілді өз мәдениеті мен тілін, дінін сақтауға бар күшін салуда. Алматы облысындағы күрдтердің қауымдастығы Қазақстандағы күрд халықтарының салт-дәстүрі мен мәдениетін және еліміздегі өмір сүріп жатқан халықтардың бірлігі мен ынтымағын сақтау жолында жүйелі жұмыстар аткарып келеді. Сонымен бірге біздің қауымдастық қайырымдылықпен де айналысады. Біз үнемі қолдан келгенімізше, қарттар үйіндегі қариялар мен жетімдер үйіне, жағдайы төмен отбасыларға көмек көрсетіп отырамыз. Сонымен бірге күрдтер қауымдастығы аясында әйелдер кеңесі, ақсақалдар кеңесі және де спорттық ұжымдар жұмыс істеп жатыр. Спортпен айналысатын жастарымыз футбол, еркін күрес және армрестлингтен көптеген жүлделі орындарға

катысты. Одан бөлек, «Барбанг» еріктілер тобы құрылып, Талдықорғандағы тұрмысы төмен мындаған отбасын азық-түлік себетімен қамтамасыз етті. 2021 жылы Князь Мирзоевтың бастамасымен күрд тілінің әліппесі жарық көрді. Сондай-ақ әлеуметтік желіде тілімізді, салт-дәстүрімізді, мәдениетімізді насихаттау қолға алынды. Қазақстан Халқы ассамблеясының қолдауымен әдеби әрі қоғамдық-ғылыми «Нубар» журналы және ай сайын «Жийна күрд» (Күрдтер өмірі) газеті шығады. Одан бөлек, еліміздің білім және ғылым министрлігі рұқсат еткен күрд тілін үйренуге арналған арнайы кітаптарымыз бар. Біздің өнерпаздарымыз жыл сайын өтетін «Қазақстан – біздің Отанымыз», «Біздің күшіміз – бірлікте», «Қазақстан – Ұлы дала елі» атты байқауларға белсене қатысады.

Jas qazaq: Еліміздің бірлік пен татулықты сақтауға бағытталған саясатына қандай баға берер едіңіз? Алматы облысындағы күрдтер қауымдастығы еліміздегі татулықты нығайтуға қандай үлес қосуда?

А.Мұстафаев: Қазақстан 1930 жылдары өз жеріне келген 130 ұлтты бауырына басты.

тату-тәтті, толерантты. Бұл халықаралық қарым-қатынаста ғана емес, еліміздің ішкі тұрақтылығынан да айқын көрінеді. Қазақстанда мекендейтін күрдтер өз арманы мен мақсатына жете білді. Біздің арамызда Отанымыздың дамуына үлес қосып жатқан ғалымдар, өнер адамдары, спортшылар мен кәсіпкерлер



E-mail:
jasqazaq2019@mail.ru

Ассамблеяның негізгі бағыты – еліміздің тарихына терең үңіліп, ұлттық дәстүр мен мәдениетті, ана тілімізді сақтау және дамыту және ұлтаралық ынтымақтастық пен сабақтастықты барынша өркендету.

Кең-байтақ Қазақстанның әрбір облысында түрлі ұлттардың мәдени орталықтары ашылған. Олардың міндеті – өз ұлтының тілін, мәдениетін, тарихын, әдебиетін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін сақтау, кейінгі жастарға үйрету, сол арқылы жаңғырту. Мұндай еркіндік Қазақстаннан басқа қай елде жасалды? Бұл нағыз шынайы демократияның, Елбасымыздың өз мемлекетінде тұратын ұлттар мен ұлыстардың өкілдерін құрметтегенінің нәтижесі.

Тәуелсіздік жолымен алға қарай қадам басқан еліміздің халықтары барлық істе зор ұйымшылдық көрсетті. Олар өздерінің көкейкесті өмірлік маңызы бар мәселелерін Ассамблея сессияларында еркін, кең талдау жағдайында шешуге қол жеткізді. Қоғам өмірінің маңызды әлеуметтік-саяси мәселелерін талқылады. Бүгінде елімізде 500-ге тарта ұлттық-мәдени орталық бар. Олар көпұлтты халқымыздың саяси сана-сезімін байыту, ұлттар мен ұлыстардың өзара бірлігін күшейту, ұлттық салт-дәстүрлерді дамыту жолында халықтар сеніміне ие болды. Бұл – жүйелі, жемісті саясат болғанын өмірдің өзі дәлелдеді. Қазақстанды Отаным дейтін көкірегіңде сәулесі бар адамдардың бұған көзі толық жетті. Қазақстандағы ұлттық бірлік саясатының тұрақтанып, нәтижелі жұмыс істеуін толып жатқан халықаралық институттар да мойындады. Қазақстан ұлтаралық қатынас саясатында әлемдік кеңістікте әрқашан өнеге тұтатын ел болып қала береді. Қазақстандық тәжірибе, яғни Қазақстан Халқы ассамблеясы дүниежүзілік деңгейде, Біріккен Ұлттар Ұйымында және Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымда өзінің жоғары бағасын алды.



ие болып, Азия және Еуропа ойындарында алдыңғы орындардан көрініп жүр. Ал өнер ұжымында балалар ән айтумен қатар, күрдтердің ұлттық билерін үйренеді.

Jas qazaq: Күрдтер қауымдастығы өз ұлтының мәдениеті мен дәстүрін болашақ ұрпаққа жалғау үшін қандай шаруаларды аткарып жатыр?

А.Мұстафаев: Біз Қазақстан азаматы болғандықтан, ең алдымен, мемлекеттік тілді құрметтейміз. Тілді еліміздің әрбір азаматы білуі керек деп санаймын. Біз Қазақстандағы мекен ететін өзге де ұлттардың мәдениетін құрметтей отырып, өз ұлтымыздың да мәдениеті мен салт-дәстүрін болашақ ұрпаққа үлгі етіп келеміз. Жыл сайын поэзия кеші, елге танымал тұлғалармен кездесу, ғылыми-тәжірибелік жиындар мен дөңгелек үстел ұйымдастырамыз. Еліміздегі күрдтер қауымдастығына «Барбанг» би ансамблі, «Күрдістан» және «Мидия» ұлттық-аспаптар ансамблі, «Азади» этнотобы сынды шығармашылық топтар кіреді. Алматы қаласы, Алматы облысы мен еліміздің өзге де бөлімшелерінде күрд тілі мен қазақ тілін үйрететін арнайы жексенбілік курстар жұмыс істейді. Талдықорған қаласында орналасқан біздің бөлімшеле жастарға арналған тегін спорт үйірмелері бар. Оған спортқа қызығушылық танытқан бүкіл қала жастары қатыса алады. Былтыр пандемия жарияланғаннан кейін, біздің этномәдени орталық Қазақстан Халқы ассамблеясымен бірге «Біз біргеміз» қайырымдылық жобасына



Ол қиын-қыстау кезең еді. Діні мен тілі басқа болса да, қазақтар жер аударылып келген әр отбасын панасына алды, құшағына басты. Солардың ішінде күрдтер де бар. Бүгінде күрдтер Қазақстандағы саны жағынан ең көп этностың бірі. Еліміздегі күрдтердің саны шамамен 150 мыңнан асады. Біздің еліміз қонақжай,

бірізділігі, халықтар достығының нығаюы, әсіресе, біздің Қазақстан сияқты көп ұлт қоныстанған, демократиялық жолмен дамып келе жатқан республика үшін өте қажет. Бұл бағытта еліміз егемендік алғалы нәтижелі жұмыстар атқарды. Солардың ең негізгісі – Қазақстан Халқы ассамблеясының құрылуы.

саясаткерлеріміз бар. Осының барлығы татулықтың көрсеткіші емес пе! Еліміздігі барлық ұлыстармен бірге Наурыз мейрамын, Құрбан айт мейрамын атап өтеміз. Одан бөлек, Пасха мерекесі де тойланады. Еліміздегі әрбір ұлт өкілі өз мерекесін тойлай алады. Ал Қазақстанда тұратын ұлт бір-бірінің салт-дәстүрін, тілін, мәдениетін құрметтейді. Осындай татулықтың атмосферасын жасаған қазақтарға алғысымыз шексіз. Еліміздегі татулық пен тұрақтылықты сақтауға арналған саясатын сақтап әрі қарай да дамытқанымыз жөн. Бұл – саясат көпұлтты Қазақстан үшін өте маңызды.

Jas qazaq: Еліміздегі татулықты сақтауда Қазақстан Халқы ассамблеясының рөлі қандай деп ойлайсыз?

А.Мұстафаев: Ұлтаралық қатынастың бірізділігі, халықтар достығының нығаюы, әсіресе, біздің Қазақстан сияқты көп ұлт қоныстанған, демократиялық жолмен дамып келе жатқан республика үшін өте қажет. Бұл бағытта еліміз егемендік алғалы нәтижелі жұмыстар атқарды. Солардың ең негізгісі – Қазақстан Халқы ассамблеясының құрылуы.


Шынында да, бұл – әлемдік жұртшылықтың назарын аудартқан ерен құбылыс. Ассамблея Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастар проблемасын тиімді шешуге зор ықпал жасап, еліміздің халықаралық беделін көтеруге үлес қосуда. Қазақстанда этносаяси, саяси, рухани және ұлттық саладағы жүргізілген реформалардың дұрыстығына әлем қызыға қарайды. Тұрақтылықты сақтауда Қазақстан Халқы ассамблеясының рөлі өте маңызды. Міне, 26 жылдан бері Ассамблея өзінің тиімділігін көрсетіп келеді. Ассамблеяға мүше этностар еліміздегі қоғамдық-саяси істерге белсене араласып, ең алдымен, тұрақтылықты сақтауға бағытталған істермен айналысуда. Еліміздегі көп ұлттын басын бір арнаға тоғыстырып, Қазақстан Халқы ассамблеясын құрып, оның әрі қарай жұмыс істеуіне жол ашқан Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевқа алғысымыз шексіз.

Jas qazaq: Сөз соңында этномәдени бірлестіктің болашаққа арналған жоспарына тоқтала кетсеніз.

А.Мұстафаев: Болашаққа жоспар көп. Жоғарыда айтып өткенімдей, бізде жастардың салауатты өмір салтына арналған спорт орталықтары бар. Біз сол спорт орталықтарын тағы да көбейткіміз келеді. Сонымен қатар тіл үйрену курстары. Қазақ тілімен қатар, ағылшын, күрд тілінің курстарын көбейткіміз келеді. Атаулы мерекелік іс-шаралар жоспарланған болатын. Пандемия біраз жоспарға кедергі болғаны рас. Дегенмен ең маңыздысы – халқымыздың денсаулығы. Сондықтан шыдамдылық танытуға тиіспіз. Ең басты мақсатымыз – татулық, бірлік, достық. Қазақстанның ертеңгі болашағы үшін аянбай еңбек ету. Татулығымызды сақтау әрі оны келер болашаққа аманаттау.

Jas qazaq: Әңгімеңізге рахмет!

Мақпал НОҒАЙБАЕВА



ЖАНКҮЙЕР КӨБЕЙСЕ, БӘС ТІГІ АРТАДЫ

Спорт жарыстарына бәс тігу барған сайын болжам жасауға қызығушылық танытатын жанкүйер қатарын арттыруда. Бастапқыда ақша ұтып алу мүмкіндігіне қызыққандар кейін спорттың нағыз жанкүйеріне айналады. Нәтижесінде бәрінің ұпайы түгел: букмекерлік кеңселер жаңа клиент тартады. Спорт жаңа жанкүйермен толығады. Өзара тиімді симбиоз спорт алаңына да, бәс тігу индустриясына да оң әсерін тигізеді. Сондықтан да бүкіл әлемде букмекерліктің кең өріс алуы кездейсоқ емес.

Спорт ставкалары командалар мен федерациялар үшін демеушілік кірістің жаңа көзін ашты. Бұл табыс ірі букмекерлік кеңселерден келеді. Бүгінгі таңда кез келген чемпионаттың жанкүйері көптеген командалардың ойыншылары букмекерлік кеңселер мен олардың сайттары жазылған форма киетінін көріп жүр. Кез келген спорттық телеарна көрермені матчтарды тікелей эфирде көрсету кезінде ставкалар туралы жарнаманың көбейгенін байқады. Бәлкім, мұндай жарнама бәс тігу индустриясының үлкен спорт түрлерімен өзара әрекеттесуінің ең айқын аспектісіне айналған шығар. Бұл шынымен де солай: ынтымақтастықтың терең болғаны соншалық, спорт ставкалары туралы жарнама матчпен және оның жарнамалық материалдарымен барынша біріктірілген. Клубтардың өздері барлық мүмкіндіктер арқылы беттингті белсенді түрде алға жылжытады, бұл спорт әуесқойлары мен ставкалар арасындағы тікелей байланысты тағы бір дәлелдей түседі. Нақты байланыс: жанкүйерлердің саны көп болса, ставка да көп. Букмекерлік компаниялардың спорт түрлеріне деген демеушілігі де басымдық.

Шынымен де бәріне тиімді. Бұлай да болады екен-ау?

ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Бүгінгі таңда Батыста көптеген жанкүйерлер *(кейбір болжамдар бойынша бірқатар елдерде 40%-дан кем емес)* матчтар немесе боксшылар жекпе-жегіне үнемі бәс



тігеді. Спортсүйер қауымның жаппай және үнемі өсіп келе жатқан ставкаларға қатысуы үлкен спорттың дамуына қосымша түрткі болып отыр. Осындай жаппай сипат алудың арқасында ставкалар ағыны соңғы 7-10 жыл ішінде бірнеше есе өсті. Нәтижесінде букмекерлік кеңселер командаларды қолдауға, бұқаралық спортты дамытуға және басқа да демеушілік шараларға көбірек қаражат аударуға мүмкіндік алды.

Демеушілік бәс тігу *(ставка)* индустриясы мен үлкен спортпен өзара әрекеттесуі маңызға ие болды, әрі бұл тенденция соңғы жылдары көбірек байқалуда. Әрине, букмекерлік кеңсе спортты жай ғана қолдайды деп түсінбеу керек. Ол спорт бәсекесінің барынша таза әрі әділ болуына мүдделі. Өйткені жаттықтырушылар арасындағы сыбайлас жемқорлық, алдын ала келісілген ойындар букмекерлік кеңселерге қатты соққы болып тиеді. Демеушілік және клуб иелерімен тығыз қарым-қатынас букмекерлік кеңселерге осы сыбайластықтың тамырына балта шабуға мүмкіндік берді. Соның нәтижесінде спорт саласына жыл сайын ондаған миллиард доллар құйылады. Баспасөзде әлемдегі ең танымал спорт командаларының букмекерлік кеңселермен үлкен демеушілік келісімшартқа отырғаны туралы ақпараттар шығып тұрады. Мысалы, екі жыл бұрын Барселона ФК мен



БУКМЕКЕРЛЕР СПОРТҚА ҚОЛДАУ КӨРСЕТЕДІ



1xBet компаниясы демеушілік келісімге қол қойды. Осыған сәйкес, әлемдегі жетекші букмекерлік кеңселердің бірі каталондық клубтың жаңа жаһандық серіктесі болды. Ынтымақтастық келісімі бес жылға арналды және 2024 жылдың 30 маусымына дейін жұмыс істейді. Бұл осындай келісімшарттардың тек бірі ғана.

Букмекерлік кеңселердің қаржылық қолдауының арқасында спорт клубтары мен федерациялардың ары қарай дамуына қосымша мүмкіндіктер ашылды. Букмекерлік қауымдастықтардың қолдауы жастар спорт академияларын, жасөспірімдер командаларын, жанкүйерлер үшін инфрақұрылымдар мен паралимпиадалық қозғалысты дамытуды ынталандырады. Сонымен қатар (бұл да маңызды) клуб қызметкерлері мен олардың негізгі ойыншыларының жалақыларының айтарлықтай өсуіне әсер етеді.

Түрлі елдердің спорт сарапшылары атап өткендей, аталған қосымша ақшаның үлкен спортқа құйылуы оның сапасы мен деңгейін көтергені сөзсіз. Кәсіби шеберлік артты, спорттағы сыбайлас жемқорлық деректері едәуір азайды, ал спорт жарыстары әсерлі бола түсті. Бұл мемлекет үшін де тиімді. Өйткені кез келген елдің спорт командаларының жетістіктері оның халықаралық аренадағы беделін көтереді. Дамыған елдердегі букмекерлік қауымдастықтардың мемлекет тарапынан күшті қолдауға ие болуының себебі де осында. Бұл заңнамалық реттеуде де, демеушілікті қолдау кезінде де көрінеді. Спортты қаржыландырудың арқасында букмекерлік компаниялар жеңілдетілген салық түрі мен басқа да жеңілдіктерді пайдалануға мүмкіндік алады.

БІЗДІҢ ЕЛІМІЗДЕ ҚАЛАЙ?

Біздің елде жұмыс істейтін кейбір халықаралық букмекерлік компаниялардың арқасында Қазақстанға да үлкен спортты қолдау дәстүрі келді. Мысалы, дәл сол 1xBet компаниясы бүгінде «Қайрат» футбол клубының бас демеушісі болып табылады. 1xBet өкілдері «Қайраттың» жаңашылдыққа ұмтылысын, әділ ойнау ұстанымдарын, командалық рухты және жаттықтырушылардың жоғары сапа стандарттарын қолдауға тырысып,

көмекті ұлғайтуға, өзге өңірлерде де балалар футболына арналған алаңдар салуға ниетті. «Бұл біздің алғашқы жобамыз. Демеушілермен келіссөздер барысында біз әуелгіде аса сақ болдық, жұмысты ұйымдастыра алатынымызды көрсету үшін шағын жоба ұсындық. Енді бірнеше ауылда алаңдар бар. Біз мұның тек бастамасы ғана екеніне сенімдіміз», — деп атап өтті Серік Мәмбетов.

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК

Букмекерлер ақпарат құралдары өкілдерімен әңгіме барысында қазақстандықтардың спортты насихаттауға мүдделі екендіктерін бірнеше рет айтты. Бұл үшін салауатты өмір салтын насихаттау ғана емес, сонымен қатар әлемдік деңгейдегі негізгі спорттық іс-шаралар трансляциясының қолжетімділігі де маңызды. Сонымен қатар, мұндай трансляцияларды еліміздің көрермендеріне қолжетімді ету бірқатар қиындықтарға тап болады. Көбінесе қазақстандық телеарналарда ірі спорттық шараларды ретрансляциялау құқығын сатып алуға қаржы жетпей жатады. Букмекерлік компаниялар мен қауымдастықтар соңғы бірнеше жылда хабар тарату құқығын өз бетінше сатып алып, оларды телеарналарға ұсынады. Матчтар мен жарыстар қарсаңында бұл қазақстандық аудитория үшін үлкен сый болып табылады. Мұнда барлығы ұтады. Жанкүйерлер де, телеарналар да, букмекерлер де. Дұрыс бәс тігу үшін жанкүйерлер спорт саласындағы оқиғаларды жіті қадағалап, нақты командалардың жеңістері мен ұтыстарын көріп, әр ойыншының стилі мен мүмкіндіктерін саралай білуі керек. Сайып келгенде, мұндай демеушілік «болжам индустриясына» қосымша клиенттерді әкеледі.

Букмекерлік кеңселердің қайырымдылығы спортты қолдауда ғана емес, түрлі әлеуметтік шаралардан да көрінеді. Мысалы, пандемия кезінде «Дыши.kz» жобасы кеңінен танымал болды. Бұл жобаны ҚР букмекерлері өзін-өзі реттеу ұйымы ұйымдастырған болатын. Ұйымның қатысушылары — ірі букмекерлік компаниялар коронавируспен тиімді күресу үшін аймақтар мен аудан орталықтарындағы бірқатар медициналық мекемелерге көмектесті. Букмекерлер ғимараттар мен жабдықтарды жаңғыртуды қаржыландырды, ең қажетті *(мысалы, пульсоксиметрлер)* құрылғылар сатып алды, аса қажетті медициналық керек-жарактарды тегін тарату бойынша арнайы акциялар ұйымдастырды. Жетімдер үйлеріне тұрақты көмек көрсету, балалар мен жасөспірімдер командаларына демеушілік жасау, балалар арасындағы сайыстар ұйымдастыру — осының барлығы Қазақстанның букмекерлік бірлестіктері қызметінің тұрақты салалары.

Бұл тұста «болжам индустриясының» демеушілігіне тікелей байланысты қосымша экономикалық маңызды факторды атап өтпеске болмайды. Бұл — демеушілік келісімшарттар мен қайырымдылық шаралары аясындағы букмекерлік кеңселермен өзара әрекеттесетін көптеген контрагенттер бизнесінің мультипликативті әсері. Көлік қызметтері, инфрақұрылым, спорттық форма мен құрал-жабдықтарды жеткізу, балалар алаңдарын салатын құрылысшы — мердігерлердің жұмысы, осының бәрі де қазақстандықтардың кірісіне жұмыс істейді.

Осы арада «мемлекет бұған мүдделі ме» деген сауал туындайды. Оған спорттағы үлкен жетістіктер, мысалы, ұлттық құрамасы тұлғасындағы «Қайрат» футбол командасын дамытуда, бұқаралық және балалар спортын дамытуда, спортқа жаппай қызығушылықты қосымша ынталандыру қажет пе? Олар букмекерлік қауымдастықтардың спорт федерацияларына жасап жатқан қолдауына мүдделі ме? Бүкіл әлемдегі мемлекеттер сияқты спорттық жетістіктердің шынайылығы үшін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы, келісілген кездесулерге және басқа да «астыртын істерге» қарсы күресуге дайын ба? Өкінішке қарай, қазақстандық спорт саласындағы мұндай келенсіздіктер әлі баршылық.

Әзірге мемлекет тарапынан бұл сауалдарға қызығушылық көрінбейді. Бұл қосымша интриганы тудырады. Әрмен қарай не болатынын көре жатармыз.

Ерлан ҚАЛТАЕВ

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА

компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Қуаныш РАХМЕТ — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімі

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен КӨБЕЕВ —
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы
(8 702 426 69 05)

Мәриям АЙТБАЙ —
Шымкент қаласы

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кенсе, 3-кабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2265;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралым — 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «AitAstan» әуесқойының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № K223VPY00020470 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.